

ҚҰРБАН АЙТ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Ел бірлігі –
ең асыл қасиет!

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!



«МЕН ЕКПЕ
АЛДЫМ!»

8

#QAZAQSTAN30



ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ МЕН
ҮШІН МАҢЫЗЫ...

10

2021 жылғы 19 шілдедегі
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
657 045

II компонентпен
389 907

адам вакцина салдырды

ХАЛЫҚ САНАҒЫ – 2021



«ҚАЗАҚСТАНДА
ӨРКІМ
МАҢЫЗДЫ!»

12

ЕЛІМІЗДЕ ҰЛТТЫҚ
ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ
БАСТАЛУЫНА

43

КҮН ҚАЛДЫ

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №86 (6062) 20 шілде, сейсенбі, 2021 жыл.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЕҢ БАСТЫСЫ – АДАМ ӨМІРІН САҚТАУ

Азаматтарымыздың денсаулығын қатерге тіге алмаймыз



Мемлекет басшысы еліміздегі эпидемиологиялық ахуал жөнінде кеңес өткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы кезде індет жұқтырған адамдардың саны күрт артып кеткенін атап өтті. Күн сайын 5 мыңнан астам науқас тіркелуде. Бір апта бұрын Үкімет ахуалды бақылауда ұстап отырмыз деп мәлімдеген болатын. Бірақ эпидемиологиялық жағдай нашарлап кетті. Ауыр жағдайдағы науқастардың саны күн сайын көбейіп барады.

– Ең бастысы – аса ауыр науқастардың көбеюін болдырмау, адам өмірін сақтау. Сондықтан оның бір ғана жолы бар. Бұл – жаппай вакцинация, екпе салу. Қалыптасқан ахуалдың өте күрделі екенін ашық айту керек. Пандемия өңір басшылары үшін нағыз сынақ болды. Бұл сынақты кем дегенде әкімдердің жартысы, ең жақсы дегенде, «үшке» тапсырады. Осындай жағдайда Үкіметтің үйлестірушілік рөлі бірнеше есе арта түседі. Бұл жерде сырттан тон пішіп отыратындардың пікірі маңызды емес. Үкімет пен тиісті ведомстволардың үйлестірушілік рөлін күшейту қажет, – деді Президент.

(Жалғасы 2-бетте).

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы,
Бас мұфти Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ:

МЕЙІРІМДІЛІК ПЕН БІРЛІККЕ ҮНДЕЙТІН МЕРЕКЕ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСАЙ.

Аса Қамқор, ерекше Мейірімді Алланың
атымен бастаймын!

Құрметті жамағат, қадірлі отандастар!

Баршаңызды ұлық мейрам – Құрбан айттың келуімен шын жүректен құттықтаймын! Айт қабыл болсын! Сіздерге амандық пен саулық, бірлік пен береке тілеймін.

Бағзы заманнан бері Ислам дінін ұстанып келе жатқан халқымыз Құрбан айтты ерекше дайындықпен қарсы алады. Ұлық мейрамда үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, көңілі жабырқаған жанға қуаныш сыйлау, мұқтаж адамға құрбандық етін таратып, сауап алу сынды ізгі амалдар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді.

«Құрбан» сөзі «жақын болу», «жақындау» деген ұғымды білдіреді. Бұл – шынайы ниет пен Аллаға деген сүйіспеншілікті паш ететін мейрам. Ұлық мерекенің тәрбиелік мәні мен мағынасы осында жатыр. Қасиетті Құранда: «Ұмытпандар, олардың еті де, қаны да ешқашан Аллаға жетпейді. Оған жететін нәрсе – жүректеріңізге ұялаған тақуалықтарын (шынайы ниеттерің)» («Хаж» сүресі, 37-аят), – делінген. Аятта айтылғандай, Құдай жолында жақсылық жасауға ниеттенген пенде бұл амалды риясыз оймен орындайды.

Қаржылай мүмкіндігі бар, әрі жолаушы емес мұсылманға құрбандық шалу – уәжіп, мұсылмандық міндет. Ал шамасы келмеген адамға Алла Тағала мұндай міндет жүктемеген. Айт күндері аз да болса садақа беріп, қараусыз қалған қарттарға, жетімдер мен көпбалалы отбасыларға көңіл бөлу – сауапты іс. Адам баласы құрбандық шалу арқылы Алланың берген ризық-несібісіне шүкір етеді. Көмекке мұқтаж жанға қолұшын беріп, айналасына шуағын түсіріп, шапағатын тигізеді. Мұсылман қауымын мейірімділік пен бірлікке үндейтін мерекеле барынша жақсылық жасауға тырысайық. Әсіресе, әлемді шарпыған жұқпалы дерттен науқастанып, шипа тілеген жандарға көмектесіп, оларға дұға етіп қойғанымыз абзал.

Алла Тағала еліміз бен жерімізді, барша адамзат баласын түрлі сынақтардан аман етіп, жақсылығы мен берекесін нәсіп етпей. Шалған құрбандықтарыңыз, берген садақаларыңыз, Айт күндері амалға асырған Аллаға ұнамды әрбір игі істеріңіз қабыл болғай.

Айттан айтқа аман-есен жете берейік.
Әмин!

Құрбан шалу рәсімдерін WWW.QURBAN2021.KZ сайты
арқылы тапсырыс беріп, жүзеге асыра аласыз.

ҚЫСҚА...

- ҚР Президенті Қ.Тоқаев еліміздегі эпидемиологиялық жағдайды жақсарту үшін Үкіметке бір ай уақыт берді.
- Президент «Ashyk» жүйесінің талаптарын жеңілдетуді тапсырды.
- Елімізде бір жылдық инфляция 0,7%-ға өскен.
- Мегаполисте кез келген қызметті төлеуге мүмкіндік беретін көлік картасы әзірленді.
- Қалада өнеркәсіп орындарында 1,5 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылады.
- Алматы әуежайында жалған ПТР-тест сатқандар ұсталды.



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЕҢ БАСТЫСЫ – АДАМ ӨМІРІН САҚТАУ

Азаматтарымыздың денсаулығын қатерге тіге алмаймыз



(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы вакциналау деңгейі төмен өңірлерге әдістемелік көмек көрсету үшін шұғыл түрде көшпелі бригада жасақтауды тапсырды. Оның пікірінше, екпе салдырғысы келмейтін адамдармен жұмыс барысында саралау әдісін қолданған жөн.

– Бұл топ біркелкі емес. Екпе салдырудан бас тарту себептері әртүрлі. Мұндай адамдардың ішінде ойланп жүргендері көп. Барлық әдіс-тәсілді пайдалану, соның ішінде, әлеуметтік желілер арқылы олардың көзін жеткізу керек. Батыстың кейбір дамыған елдері көз жеткізу әдісінен мәжбүрлеу шараларына көшіп жатыр. Ірі еңбек ұжымдарының қызметіне байланысты ерекше жағдайлар болмаса, біз ондай қадамға бармаймыз. Сондықтан өз дегенінен қайтпайтын аз ғана антиваксерлерге бола отбасыларын өз еңбегімен асырап отырған азаматтарымыздың денсаулығын қатерге тіге алмаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Президент Денсаулық сақтау министрлігіне Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен бірлесіп, тәуелсіз әлеуметтік сауалнама жүргізуге тапсырма берді. Антиваксерлер деген кімдер екенін анық әрі нақты түсіну керек және олардың толық әлеуметтік бейнесін ашу қажет.

– Негізінен, вирус жұқтыру деректері сауда ойын-сауық орталықтарында, кафе-ресторандарда болатынын ескеру керек. Мұндай жағдайда сақтану шаралары, соның ішінде вакцинация маңызды орын алады, – деді Мемлекет басшысы.

КАРАНТИНДІК ШЕКТЕУЛЕРДІ САҚТАУ ТАЛАПТАРЫ ҚАТАНДАТЫЛАДЫ

Президент өңірлердегі вакциналардың тапшылығына қатысты мәселені көтерді. Атап айтқанда, Алматыда екпенің бірінші дозасы бойынша вакциналаудың бір-ақ күнгі көлемі (6,8 мың доза) қалған. Осы ретте бірқатар өңірде екпе егудің орташа қарқыны бойынша есептегенде қалған вакцина Алматыдағыдан ондаған есе көп. Денсаулық сақтау министрлігіне өңірлермен бірлесіп, вакцинация қарқынына дұрыс болжам жасауға, сондай-ақ, жарамдылық мерзімін ескере отырып, вакцинаны қайта жіберу жүйесін жолға қоюға тапсырма берілді.

– Иммуитет қалыптастыру үдерісін тежеп отырған тағы бір өзекті мәселе – вакцинацияның жалған паспорттары. Мұндай теріс құбылыстардың алдын алып, олардың таралуына жол бермеу маңызды. 16 шілдедегі мәлімет бойынша 65 қылмыс-

тық іс қозғалған. Яғни жұмыс басталды. Енді оны белсенді жалғастыру керек. Бұл – өте ауыр қылмыс. Бұл – ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіретін іс-әрекет. Вакцинация паспорттың қолдан жасалуына жол берген тұлғаларға қатысты қатаң жаза қолдануды тапсырамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кеңес барысында вакцина өндірісі саласындағы көшбасшы елдерден әкелінетін екпелердің түрлерін кеңейту мәселесі де қарастырылды. Қасым-Жомарт Тоқаев ресейлік жаңа «Спутник лайт» вакцинасын жеткізу және оны отандық фармацевтикалық алаңдарда шығару мәселесін пысықтауды тапсырды.

– Отандық «QazVac» вакцинасын қыркүйек айында шығару жоспарланып отырғанын ескере отырып, оның Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымында тіркелуін тездету қажет. Бұл – Денсаулық сақтау министрлігі мен Сыртқы істер министрлігінің жұмысы. «QazVac» вакцинасын екіжақты уағдаластықтар аясында үшінші елдердің нарығына шығару жұмыстарын ұйымдастыру маңызды. Үкіметке аталған мәселені ерекше бақылауға алу және бір ай ішіндегі атқарылған жұмыстардың нәтижесін баяндауды тапсырамын, – деді Президент.

Мемлекет басшысы вакцинация мәселесінде отандық бизнестің бірегей ұстанымы аса маңызды деп санайды. Ұжымдық иммунитетке қол жеткізбей, бизнеске қойылған санитарлық шектеулерді алып тастау мүмкін емес. Бұл бизнес пен тұтынушылар үшін көп жағдайда «Ashyq» цифрлық шешімінің арқасында мүмкін болып отыр.

– Соңғы кездері індет жұқтырғандардың және олармен байланыста болған адамдардың, яғни қоғамдық орындарға барған «қызыл» мен «сары» түс мәртебесі бар тұлғалардың саны арта түсті. Осы ретте арнайы бағдарлама оларды анықтағанда, ниеті бұзық адамдар басқа демалыс орындарын іздеуге ұмтылады. Мұндай жауапсыз тұлғалар айыппұлдардан мүлде қорықпайды, тіпті оларға ешкім айыппұл салмайтын сияқты. Әйтпесе, ЖСН-ді және имундық мәртебені тіркеу жүйесі бар ғой. Азаматтар осындай жауапсыздықтары үшін жазалануы тиіс. Карантиндік шектеулерді сақтау талаптарын қатаңдату тапсырамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҚҰРБАН АЙТТА ИНФЕКЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ БАРЫНША ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚАЖЕТ

Президент былтырғы жазда болған жағдайдың қайталануына жол беруге болмайтынын айтты. Ол үшін денсаулық

сақтау жүйесінің бірқалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет.

– Ауруханалардағы төсек-орындарды індетпен ауырғандар үшін қайта дайындау ісіне байланысты жоспарлы операцияларды жасауға алтын уақытымыз кетіп жатыр. Нәтижесінде патологияның меңдеуі салдарынан қайтыс болған науқастардың саны артуда. Бұл емдеу ісінің табысты болу мүмкіндігін барынша төмендетіп, емге көп қаржының жұмсалуына әкеп соқтырады, – деді Мемлекет басшысы.

Ертең бүкіл мұсылман қауымы үшін қасиетті Құрбан айт мерекесі басталады. Осыған орай, Қасым-Жомарт Тоқаев елде күрделі ахуал қалыптасып отырғанын атап өтіп, жұрттың құрбандық шалатын жерлерде жаппай жиналуын болдырмау керек екенін айтты.

– Жағдайды одан бетер ушықтырып алуымыз мүмкін. Үкімет пен әкімдер осы мәселені ерекше бақылауда ұстауға тиіс. Құрбан айтта инфекциялық қауіпсіздікті барынша қамтамасыз ету қажет, – деді Президент.

ӨЗІНДІ ЖӘНЕ ЖАҚЫНДАРЫНДЫ ОСЫ ҚАТЕРДЕН САҚТАУДЫҢ ЖАЛҒЫЗ ЖОЛЫ – ВАКЦИНАЦИЯ

Мемлекет басшысы бүгінгі көтерілген мәселенің бәрі Үкіметтің ерекше бақылауында болуы тиіс екеніне тоқталды. Сонымен қатар, Қазақстан азаматтарының өз денсаулықтарын, жақындары мен отбасыларын сақтауы қажеттігіне назар аударды.

– Коронавирус біз үшін ең қымбат жандарды алып кетіп жатыр. Індетке қарсы күресте аға буын өкілдері зардап шегуде. Дегенмен, балалардың да ауырып жатқаны мазалайды. Ата-аналарынан вирус жұқтырған бір жастағы сәбилердің қатты ауыратынын елестетудің өзі ауыр. Жақында ғана бұл мүмкін еместей көрінген, бірақ қазіргі кезде мыңдаған сәби осы қауіпті індетті жұқтырған. Өзінді және жақындарының осы қатерден сақтаудың жалғыз жолы – вакцинация, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар, кеңес барысында Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов, Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев, Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек, Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев, Алматы облысының әкімі Амандық Баталов, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниял Ахметов, Қызылорда облысының әкімі Гүлшара Әбдіқалықова, Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов сөз сөйледі.



Бірінші жартыжылдықта
Алматы индустриялық
аймағының аумағында

245

жұмыс орны ашылып,
13,8 млрд. теңгеге
3 жоба іске қосылды.



Қалада құрбандыққа
шалынған мал еті

5 мың

мұқтаж отбасына таратылады.



Мегаполистегі
ескі үйлердің орнына

183

пәтерлік үш кешен
салынып жатыр.



Биыл Алматы қаласының
өнеркәсіп орындарында

1471

жұмыс орнын ашу
жоспарланып отыр.



Оңтүстік астанадағы
Ревматология орталығы

250

орынға дейін кеңейтілмек.



ЖЕРГІЛІКТІ ӘКІМДЕРДІ ХАЛЫҚ САЙЛАЙДЫ

Бұл басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік бермек



Сонымен, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі лауазымына сайлауға түсетін кандидаттарды тіркеу 14 шілде күні, сағат 18.00-де аяқталып, үгіт-насихат жұмыстары басталып кетті. Заңға енгізілген өзгертулер мен түзетулерге сәйкес, үгіт-насихат шаралары 24 шілде күнгі сағат 00.00-ге дейін жалғасақ. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің сайлауына республика бойынша барлығы екі мыңнан астам үміткер тіркелген.

бәсекелестігін және баламалылығын қамтамасыз етудің өте маңызды шарттарының бірі екенін айтады депутаттар. Ал егер кандидатты ұсыну мерзімі біткенге дейін бір ғана үміткер болған жағдайда аудан әкімі жергілікті халықпен келісе отырып, өзі ұсыныс енгізеді. Заң жобасында ауыл әкіміне сенімсіздік білдірілген жағдайда, оны мәслихаттың қарауына енгізу мәселесі де қарастырылған. Бұл ретте жергілікті қоғамдастық жиналысы заңды болуы үшін ауыл тұрғындарының 50 пайызы қатысуы тиіс. Ауыл әкімдігіне бәсекеге қабілетті

● КЕРЕК ДЕРЕК

- Кандидат 25 жастан асқан Қазақстан азаматы болуға тиіс. Бір адам бір аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі болып қатарынан екі реттен артық сайлана алмайды.
- Кандидаттар саяси партиялардың мүшесі ретінде ұсынылуы мүмкін. Бұл ретте саяси партия бір сайлау округінде бір ғана кандидат ұсына алады.
- Өзін-өзі ұсынған кандидат тиісті округ сайлаушыларының жалпы санының кемінде 1%-ның қолдауына ие болуға тиіс.
- Егер үміткерді ұсыну мерзімі аяқталатын күнге дейін бір ғана кандидат тіркелген болса, онда сайлау комитеті кандидаттарды ұсыну мерзімін бес күннен аспайтын мерзімге ұзартады және аудан әкімі жергілікті қоғамдастық жиналысының келісімі бойынша кемінде екі кандидат ұсынуға құқылы.
- Үміткерлерге қойылатын талаптар: сот шешімі бойынша жазасы өтелмеген немесе алынбаған адам, сыбайлас жемқорлық қылмыс немесе құқықбұзушылық үшін кінәлі деп танылған адам кандидат бола алмайды.
- Кандидаттарды тіркеу барлық қажетті құжат өткізілгеннен кейін басталады және сайлауға 10 күн қалғанда, сағат 18.00-де аяқталады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында негіздеген тапсырмаларды іске асыру аясында еліміздегі аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерінің тікелей сайлауын өткізу – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес біліктілік талаптарына және жас өлшеміне сай еліміздің кез келген азаматы бұл лауазымға сайлана алады. Саяси партиялар мүшелері және сайлаушылардың жалпы санының кемінде 1 пайызын жинаған кандидаттар сайлауға түсе алады. Жалпы, еліміз бойынша 2 мың 345 бірлік әкімшілік-аумақтық әкімін сайлау енгізілмек. Бұл науқан 2021–2025 жылдар аралығында іс басындағы ауыл әкімдерінің өкілеттік мерзімдерінің аяқталуына орай, кезең-кезеңмен өткізіледі. Осы жылдың екінші жартысында халық тікелей 836 ауыл әкімі үшін дауыс бермек. Саяси партиялар ауыл әкімдігіне әр округтен бір үміткерден ұсынса, азаматтар өзін-өзі ұсына алады. Ал өзін-өзі ұсыну – сайлау процесін өткізудің демократиялылығын,

адамдардың келуі осы үрдістің дұрыс қалыптасуы үшін де, жергілікті халық үшін де айтарлықтай маңызға ие болмақ.

Бұл жаңашылдықтардың барлығы азаматтарға белсенді түрде өздерінің конституциялық құқықтарын толыққанды пайдалануына, ал халық сайлаған ауыл әкімдеріне жергілікті жерде қордаланған проблемаларды батыл шешуге, сол арқылы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» бағдарламасын толық іске асыруға мүмкіндік бермек.

Сонымен, биылғы 25 шілдеде еліміздегі облыстық маңызы бар қалалардың аудандардың аумақтық сайлау комиссияларының шешімімен Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалаларының, ауылдардың, кенттер мен ауылдық округтердің 700-ден астам әкімдерінің сайлауы өткізілмек.

Күні кеше ел өңірлерінде бастау алған сайлау алдындағы үгіт жұмыстары ауыл тұрғындары үшін де айрықша маңызды саяси науқан екені белгілі. Өйткені, жергілікті халық өздеріне ең жақын билік өкілін өздері таңдап, конституциялық құқықтарын пайдаланып, дауыс бермек. Бұдан былай жергілікті

● КЕРЕК ДЕРЕК

- Аудандық маңызы бар қалалар, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің сайлауы бір реттік емес, ол әкімдердің өкілеттілігінің аяқталуына немесе мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты өткізіледі.
- Аудандық маңызы бар қалалар, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің сайлауын тиісті аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы тағайындайды.
- Сайлау науқанының жалпы ұзақтығы – 1 ай.
- Сайлау әкімнің өкілеттілік мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 40 күн бұрын белгіленеді және кемінде 10 күн бұрын өткізіледі.
- Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдеріне кандидаттар ұсыну сайлау тағайындалған күннен кейінгі күні басталады. Ұсыну мерзімі сайлау өтетін күнге 15 күн қалғанда, сағат 18.00-де аяқталады. Егер ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін бір ғана кандидат тіркелген болса сайлау комиссиясы кандидаттарды ұсыну мерзімін ұзартады.

билік өкіліне көңілі толмаған жағдайда ауыл тұрғындары аудан, облыс, тіпті үкімет басшыларына еш кінә арта алмасы хақ. Себебі, өздері өмір сүріп жатқан елдімекен басшысын өздері таңдап, өздері сайлайды. Сайлап қана қоймайды, өз ауылдарында қабылданып, әрбір шешім үшін ортақ жауапкершілік жүзін арқалайды. Еліміздегі демократиялық сайлау үрдісі оған қатысушы азаматтарға құқық берумен қатар әлеуметтік жауапкершілік пен міндет те жүктейтіні белгілі.

Т.ДЕРБІСАЛИН.

● КЕРЕК ДЕРЕК

- Аумақтық сайлау комиссиясы кандидаттарға тиісті куәліктер береді. Тіркелгеннен кейін бесінші күннен кешіктірмей жергілікті БАҚ-та кандидатты тіркеу туралы хабарлама жарияланады.
- Сайлау алдындағы үгіт жұмыстары сайлау күніне 10 күн қалғанда кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталады. Сайлау болатын күннің алдында жергілікті уақыт бойынша сағат 00.00-де аяқталады.
- Сайлау сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін өтеді. Сайлау учаскелерінде дауыс санау дауыс беру аяқталған кезден бастап 12 сағаттан кешіктірілмей жүргізіледі.
- Қорытынды сайлау өткеннен кейін үш күн ішінде шығарылады.
- Ауданның (қаланың) аумақтық сайлау комиссиялары сайланған әкімді 7 күн ішінде тіркейді және тиісті куәлік береді. Сайланған әкімнің өкілеттілігі оны аумақтық сайлау комиссиясы тіркеген кезден басталады.

«Абай үйі» ашылды

Моңғолия, Ресей және Қырғызстанда «Абай үйі» мәдени-іскерлік орталығы жобасы іске қосылады.

Бұл жоба шет елдегі қандастармен мәдени-гуманитарлық және іскерлік байланыстарды дамыту мақсатында жұмыс істейді. Өткен жылы «Абай үйі» Өзбекстан, Түркия, Германия және Украинада ашылған. Ал дүние жүзінде бұдан бөлек 250-ге жуық Қазақ мәдени орталықтары бар. Сонымен қатар, әлемнің 12 елінде қандастарымызды ана тілінде оқытатын «қазақ тілі» сыныптары ашылған. Бейресми мәліметтерге сүйенсек, шет елде 5 млн.-нан 7 млн.-ға дейін этникалық қазақ тұрады.

– Қазіргі кезде БҒМ қолдауымен шет елдегі ағайынға қазақ тілін оқыту бойынша бір әмбебап құрал әзірленіп жатыр. Себебі, латын, төте жазумен үйренген балаларға кириллше үйрену өте қиын. Ол осы жылдың аяғына дейін болуы мүмкін. Қандастарды ақпараттық қолдау орталығына – 1404 нөміріне кез келген бауырымыз хабарласып, көмек алса болады, – деді «Отандастар қоры» КЕАҚ вице-президенті Мағауия Сарбасов.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Қоғамдық көлік тоқтамайды

Алматының мобильділік басқармасы демалыс күндері қоғамдық көлік қалай жұмыс істейтіні жайлы айтты.

«Қала тұрғындары демалыс күндері қоғамдық көліктің қалай жұмыс істейтінін білгісі келеді. Сондықтан нақтылап хабарлауды жөн көріп отырмыз. Сенбі және жексенбі күндері қаладағы автобустар, троллейбустар мен метро штаттық режимде жұмыс істейді», делінген Алматы қалалық мобильділік басқармасының баспасөз қызметі таратқан хабарламада. Қарбалас уақытта автобустар саны көбейтіледі, ал соңғы аялдамада қоғамдық көліктердің іші дезинфекциялық құралдармен өңделеді. Жолаушылар әлеуметтік қашықтықты міндетті түрде сақтап, жолаушылар мен жүргізушілер бетперде киюі керек. Қоғамдық көлік осындай талаптарды сақтау арқылы жүзеге асырылады.

Айнұр НҰРСАБЕТ.

Қозғалыс жеңілдейді

Қаладағы «Алтын Орда» базары маңындағы эстакадада көлік қозғалысы ашылды.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі атап өткендей, бұл «Алтын Орда» базары мен «Молл Апорт» сауда орталығы ауданындағы көлік трафигін жақсартуға мүмкіндік береді. Қазір «Алтын орда» базарының жанындағы «Алматы – Бішкек» автомобиль жолының учаскесі күрделі жөндеуден өтіп жатыр. Осыған байланысты кеше «ҚазАвтоЖол» ҰК «АҚ Алматы облыстық филиалы «таға» түріндегі бұрылу эстакадасында автокөлік үшін қозғалысты ашты.

Осылайша «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Алматы облыстық филиалы көпірді пайдалануға беру кезінде технологиялық регламентті сақтау және жобалық шешімдерге сәйкестігін бағалау мақсатында «таға» типті бұрылу эстакадасы автокөлігінің нақты жүктемесі әдісімен сынақ өткізді. Онда эстакада конструкциясына жүктеме-лердің әсері өлшенді, оның қорытындысы бойынша автокөлік қозғалысын ашуға тиісті шешім берілді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



«Тәуелсіздік ұрпақтары»



Рая
ЕСКЕНДІР

Үкімет қаулысымен жастарға арналған «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты бекітілді. Атаулы грант иегері атануға 14 пен 29 жас аралығындағы жастардың мүмкіндігі бар.

Грант, негізінен, жастардың танымал болуына, қолға алған жобаларын іске асыруына кеңінен қолдау көрсетеді. Сонымен қатар, «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты талантты жастардың инновациялық жобалары мен ғылыми-техникалық әзірлемелеріне қолдау көрсетіп, стартап-жобаларды іске асыруға көмектеседі. Шығармашылықпен айналысатын жастардың да грант иегері атануына болады. Ол үшін мемлекеттік немесе орыс тілінде өтініш білдіріп, «Ғылым», «Мәдениет», «Ақпараттық технологиялар», «Бизнес», «Медиа» бағытында қолға алған жобасының сипаттамасын көрсетіп, қажетті смета, зияткерлік меншік туралы мәліметті қоса жолдау керек.

Грант жеңіп алғандар үш айда бір рет жобаның іске асырылу барысы туралы тиісті мекемеге есеп беріп отырады. Егер жеңімпаз грантты мақсатты түрде пайдаланбаса, тиісті мекемеге грант ақшасын 30 күн ішінде қайтаруы керек. Уақытылы қайтармаған жағдайда қаражат заңға сәйкес өндіріліп алынады. Жеңімпаз қайтыс болса немесе хабар-ошарсыз кетсе, іс-әрекетке қабылетсіз деп танылса, грант қаражаты кері қайтарылмайды.

Құжат 2021 жылдың 20 шілдесінен бастап күшіне енеді.

Стипендия берілді



Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Биыл еліміз бойынша Қазақстан Республикасы Президенті стипендиясының жалпы саны – 926. Оның 919-ы студенттерге, 7-еуі магистранттарға бөлініп отыр.

Президент стипендиясы елдегі 35 оқу орнына үлестірілді. Осы оқу ордалары арасында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне – 105, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне – 100, М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетіне – 75, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне – 67, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетіне – 55 стипендия берілді.

Жұмыс орны көбейеді

Биыл Алматы қаласының өнеркәсіп орындарында 1471 жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр. Бұл туралы қалалық Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының баспасөз қызметі хабарлады.

Бірінші жартыжылдықта Алматының Индустриялық аймағының аумағында 245 жұмыс орны ашылып, 13,8 млрд. теңгеге 3 жоба («КМК Investment»), II кезең, «Рахат СК», «Г.С.Г. Высотник») іске қосылды. Нақтылай кетер болсақ, «КМК Investment» кабельді-өткізгіш өнім өндіру зауытында – 80 жұмыс орны, «Рахат» СК автоклавты газды бетон шығару зауытында да – 80, ал «Г.С.Г. Высотник» автоклавты газды бетон өндіру зауытында 85 жұмыс орны ашылған.

Ал жыл соңына дейін Индустриялық аймақта 658 жұмыс орнын аша отырып, жалпы сомасы 37,8 млрд. теңгеге тағы 7 жобаны іске қосу жоспарланып отыр. Сол жерде 3 өнеркәсіптік парк («D&J Logistics» ЖШС, «Ala Estate» ЖШС, «Kazstory Trade» ЖШС) пайдалануға беріледі. ШОБ субъектілері үшін 24,2 мың ш.м. өндірістік нысандар қолданысқа енгізіліп, ал ол өз кезегінде 430 адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік беріп отыр.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында осы жылы Алматыда 138 жұмыс орнын ашылып, 1 628 млн. теңгеге 4 жоба іске асты.

Нұр ЖАМАЛ.

Жыл сайын Беларусьтің Витебск қаласында өтетін дәстүрлі «Славян базары» халықаралық өнер фестивалі өз мәресіне жетті. Бұл жолы байқауға Қазақстан атынан қатысқан әнші Рухия Байдүкенова фестивальде топ жарып, бас жүлде – Гран-приді жеңіп алды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев дарынды жас әнші Рухия Байдүкенованы жеңісімен құттықтады. «Әлемнің көптеген елінің кіл мықты таланттары қатысқан осынау айтулы байқауда көрсеткен өнеріңіз – Сіздің кәсіби даралығыңыздың, табиғи дарыныңыз бен әртістік шеберлігіңіздің айқын дәлелі», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев өз құттықтауында. Мемлекет басшысы Рухия Байдүкенованың табысты өнер көрсетуі Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында барша қазақстандықтарға жасаған тамаша тарту деп санайтындығын айтты. Сондай-ақ, жас өнерпазды еліміздің Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова да құттықтап, жүрекжарды тілегін білдірді.

«Біз Рухияны жеңісімен құттықтау үшін онлайн жиналып отырмыз. Жеңіс құтты болсын! Рахмет саған. Рухия, сен жас болсаң да өте таланттысың. Сен Димаштың жеңісін қайталадың, оның саған тәлімгер болған еңбегі ақталды. Әрине, бұл үлкен өнер мен кәсіби сахнаның бастауы ғана», – деді А.Райымқұлова ZOOM арқылы өткен баспасөз мәслихатында. Айта кететін жайт, Димаш Құдайберген халықаралық байқаудың қазылар алқасының мүшесі болды. Байқаудың алғашқы күнінде ол Қазақстаннан



Топ жарған

келген қатысушыға үлкен сенім артқан. Фестивальдің бірінші орны Сербияға, екінші орын Украинаға бұйырып, үшінші орынды Словакия мен Әзербайжан өзара бөлісті. Гран-при үшін ақтық сын өте тартысты болған. Байқаудың үздік орындаушысына жүлдені қазылар алқасының төрағасы Анатолий Ярмоленко тапсырды.

Рухия Байдүкенова 22 жаста, Талдықорғанда дүниеге келген. Қазір бойжеткен Қазақ ұлттық өнер университетінің «Эстрадалық вокал» мамандығы бойынша білім алуда. Талантты әнші Димаш Құдай-

берген өзінің әлеуметтік желісінде отандасы Рухия Байдүкенованы «Славян базары» байқауындағы жеңісімен құттықтай отырып, өнеріне тәнті екендігін атап өтті. «Жарадың, алтын қарындасым! Жеңісті күндерің көп болғай! Алла қаласа, сен үлкен жұлдыз боласың! Бүгін сен «Славян базарында» халқыңның мәртебесін асқақтаттың, қазылар алқасының бірі болып отырған менің де мерейімді үстем еттің. Нағыз шынайы өнерге қызмет етіп, бәрімізді осылай қуантып, алға баса бер!», – деді әнші.

АРМАНДАҒЫ ҮЙ



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Алматы қаласының Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесінде кәмелетке толмаған сотталғандар арасында сурет пен қолданбалы өнер бұйымдарының «Үміт–2021» байқауы ұйымдастырылды.

Онлайн форматта өткен сайысқа жаны шығармашылыққа жақын 6 жасөспірім қатысты. Мәселен, Дулат есімді бозбаланың «Рухани жаңғыру» деген тақырыпта түрлі бояулармен, моншақтармен безендіріп жасаған қадесының ерекше көзге түсті. Ахмет деген баланың өзі қолдан құрас-тырған «Экскаваторы» да көз тоқтатарлық.

Ал Сағыныштың «Армандағы үйі» мен Әлиханнның «Ормандағы үйінен» өздерінің қиялындағы, колониядан бостандыққа шыққан соң тұратын баспаналарын көргендей болдық. Мақсат бейнелеген «Менің арманым», Тоқтардың «Үйлесімділік» тақырыбындағы суреті де түрлі бояулармен тілсіз сөйлеп тұрды. Өрендердің бұл жұмыстары Алматы қаласының Қылмыстық атқару жүйесі департаментінде қаралып, сараланып, жеңімпаздар анықталып, марапатталды.

Сотталғандар арасындағы тәрбие бөлімінің жасақ бастығы әділет аға лейтенанты Бекзат Жақановтың айтуынша, бұл байқау келесі жылы да өтеді. Мақсаты – аяғын жаза басқан жасөспірімдердің жақсы күндерден үміт үзбеуіне, арман-қиялдан ада болып қалмауына, Отанды, елді, жерді сүйуге үн-



деу, дарынды жас достарды қолдау, олардың шығармашылығын жетілдіріп отыру.

Иә, шығармашылыққа жақын балалардың енді қылмысқа бармауына сенгіміз келеді.

БІР ҚАП ҚОҚЫСҚА – ТЕГІН КОФЕ



Әсел
ДАҒЖАН

Осыдан біраз уақыт бұрын «Алмаларасан» шатқалына қырық шақты қыз-келіншек шығып, таудың етегіндегі родон бұлағына дейін барып, қоқыс жинап, тауды тазалап қайтқанбыз. Айналасы екі сағаттың ішінде тауға жаяу көтеріліп, шығып-түскен мезгілде алдымыздан қоқыс шықса балаша қуанып, қолымыздағы дорбаға қоқыс түссе риза болып, тауға үлкен бір іс тындырғандай кейіппен барып қайттық. Әншейінде, былайғы кезде алдында қоқыс жатса, жақтұрмай қарайтын біздер сол күні қоқыс тастаған адамның өзіне сырттай риза болған едік.

Бұған дейін мектеп қабырғасы мен университетте оқып жүрген кезде бәріміздің сенбілікке шығып, қоғамдық жұмысқа кәдімгідей атсалысқанымыз да жоқ емес. Бірақ ол кезде жалпылай науқан болған-дықтан ба екен, дәл осы тауды тазалағандай ерекше әсер, жүрек тебіренерліктей сезім болмаған секілді. Бәлкім, мұның бәрі ниетке де байланысты шығар. Себебі, тауға қо-

қыс жинауға шығардың алдында бірнеше талап болатын: үйден дәретпен шығу, білетін дұға, сүреселді іштей айтып жүру, қоқыс жинап жүріп «артына қоқыс тастап кететін неғылған адам» деген секілді ешқандай балағат сөз айтпау керек.

Сонымен не керек, таңғы сағат сегіз бен он кезінде таудың ауасын жұта жүріп, бәленбай шақырым жаяу көтеріліп, жолда көрінген қоқыстың бәрін қолымыздағы дорбаға салып, арасында суретке де түсіп, бір окпен бірнеше қоянды атып үлгердік. Қырық шақты қыз-келіншектің қолындағы қоқыс толы дорбасын көрген сол маңның күзетшілері, Іле Алатауы ұлттық паркінің мамандары да ерекше қуанып жүр. Күтпеген жерден еріктілер шыға келіп, сенбінің таңында тауды тазалап шыққандарына дән риза. Бізбен бірнеше рет суретке де түсіп, арасында «Біз бүгін қырық шақты еріктімен тауды тазалап қайттық» деп қалжыңдап та қояды. Әйтеуір ұтылған ешкім жоқ.

Мәдина есімді қызбен таудың етегінде кофе сатып тұрған машинаның жанына келгенде сөйлесіп қалдық. «Тауды қоқыстан тазарту адамға ерекше күш-қуат беретін сауапты іс екен. Қанша жыл болды, Алматының тауларына шығып жүрсем де, тауды

тазарту деген ой ақылыма келмепті. Әлеуметтік желіде еріктілер тауды тазалауға жиналамыз дегенде маған қызық көрінді. Келгеніме сондай қуаныштымын. Тауда қоқыс теріп жүріп, кеудемде ерекше мақтаныш сезімі оянды. Бір қарағанда, біз Алатауды кадрлемеі жүрген сияқтымыз. Себебі, Алматының қай тауына шықсаңыз да, айналасы қоқыстан көз ашпайды. Патриоттық сезімді айғайлап айтудың қажеті жоқ екен. Сенбі, жексенбі күндері тауға шыққанда қалтаңа артығымен 1-2 дорба салып ала шық. Мен енді солай істеймін деп өзіме уәде бердім. Таудан түсуде жол бойында қоқыс жатса, жинап ала қайтасын. Сауапты іс жасайсың, оған қоса өзгелерге де жақсы ой салуың мүмкін», – деді Мәдина.

Өзгелерге ой саласың демекші, біз тауда қоқыс теріп жүргенде біздің қолымызға жақындап келіп, бұл қандай волонтерлік ұйым, осылай қоқыс жинауға жиі шығып тұрасыздар ма деп сұраған жандар қатары көп болды. Ең қызығы, таудан қоқыс жинап, етекке түскенде, біз кофе сатып алып ішкен машинаның сатушысы қызығушылық білдіріп, тауды жинап жүргенімізге риза болған.

Осыдан үш күн бұрын әлеуметтік желілердің бірінен сол кофе сатып тұрған Махаддин есімді кәсіпкердің таудан бір қап қоқыс теріп түскен адамға бір стакан кофе, шәй не какаоны тегін айырбастайтыны жайлы ақпаратты көзім шалып қалды. Ол туралы Салтанат Тәшімова есімді қоғам қайраткері әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Біз бұл адамға ризамыз. Мұның ісі барлық кәсіпкерлерге жақсы үлгі екен. Мұндай сатушыны бірінші рет көруім. Мықты азамат. Біз қазір жастар ғана емес, аға буынның да үлкен дорба аркалап, қоқыспен түсіп келе жатқанын көрдік. Қайырымды жандардың бары жүректі жылытады екен», – дейді Салтанат Тәшімова. Оған, бәлкім, біздің қыз-келіншектердің әрекеті ерекше ой салды ма екен, кім білген?!





ҚҰРБАН АЙТ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Құрбан айт биыл 20 мен 22 шілде аралығында өтеді. Ал мерекенің форматы өткен жылдың үлгісінде болады. Құрбандық шалу рәсімі qurban2021.kz. сайтта өтінім бере отырып, онлайн-режимде өтеді.

Рәсім онлайн өтеді

Алматы қаласы Орталық мешітінің наиб имамы Құрбан айт кезінде қала мұсылмандарын карантин шектеулерін сақтауға шақырды.

Алматы Орталық мешітінің наиб имамы Мадияр Пірімқұловтың айтуынша, КВИ-дің күрделі эпидемиологиялық жағдайына байланысты мұсылмандар жиналысы болмайды. Жануарларды құрбандыққа шалудың барлық салттық әрекеттері қашықтан онлайн-режимде өтеді.

17 шілде күні интернет-платформа қызметіне ет алуға ниет білдірушілерден 486 өтінім түскен. Ал 200-ден астам алматылық құрбан шалу рәсімін жасауға шешім қабылдады.

Алматы Орталық мешітінің наиб имамы құрбандық шалудың барысы дұға кезінде рәсімге тапсырыс бергендердің есімдері айтылатындай бейнежазба режимінде өтетінін айтты. Бейнежазбадан соң тапсырыс берушіге жіберіледі.

«Интернеттегі құрбандық тек белгіленген жерде болады. Рәсімді өткізуге арнайы топ бекітілген, бөде адамдарға кіруге тыйым салынған, барлық жұмыс санитарлық талаптарға сәйкес жүргізіледі», – деді М.Пірімқұлов.

Эпидемиологиялық жағдайға байланысты құрбандық еті толығымен тек мұқтаж жандарға таратылады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Гүлнұр ӘБДИМАНАПҚЫЗЫ,
ұстаз, дінтанушы:

Құрбан шалу – өз алдына жеке парыз саналатын игі іс, амалдың ірісі. Мұсылман қауым осындай ғибадатты Құрбан айт мерекесінде жасайды. Құрбан айт – шариғаттағы ең ескі құлшылық. Бұл айтта қуанбайтын, шаттанбайтын жан қалмауы керек. Себебі, жағдайы жеткен әр адам құрбан шалып, оның етін тұрмысы төмен отбасыға таратса, олардың арасында сыйластық пен ауызбіршілік қасиет арта түсер еді.

«Мұсылмандардың екі ұлық мейрамы бар. Солардың бірі – Ораза айт, екіншісі – Құрбан айт. Екі мейрамда мұсылман қауым ұлы құлшылықты, бес парыздың бірін орындап болғаннан кейін Құрбан айт мейрамын тойлайды. Мұсылмандарға ортақ мейрамдардың ерекшелігі сол – кез келген мерекенің артында «Аллаға деген құлшылық» тұрады. Отыз күн оразада ауыз бекітіп, бір ай бойы құлшылықпен өткізіп, рухани тазарса, ал Құрбан айт ұлы ғибадат – қажы ғибадатынан кейін келетін ұлық мереке. Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.а.): «Кімнің қажылығы қабыл болса, оның өтемі – жәннат» деген сөзі бар. Қажылық парызы – бес парыздың бірі және ерекшелігі – адамның

Мұсылман мұсылманды қуантатын ерекше құлшылық



денесімен, жанымен, мал-мүлкімен орындалатын ғибадат.

Зул-хижжа айының 9-күні және қасиетті Құрбан айт мейрамының алдындағы күн – Арафа күнінің оразасының сауабы мол. Арафа күні кімде-кім ораза ұстайтын болса, өткен жылғы және келер жылғы күнеларының кеші-

рілуіне үміт етеді. Бұл күн – дұға күні.

– Құрбан айт күні мұсылман адам айт намазынан кейін ғана барып құрбан шалады. Айт намазына дейін Арафа күні сойылған малдар құрбандыққа жатпайды. Құрбан шалу мұсылман Алла жолында өзінің малын құрбан ете

алатынын көрсетеді. Яғни «менің өмірім, малым, құлшылығым Аллаға ғана тән» деген аятқа негізделеді. Сондықтан жалпы мұсылмандар ешнәрсені бекер істемейді. Осы екі ұлық мейрамның өзі үлкен ғибадаттардан кейін орындалады. Адам өзі кемелденіп, тағы бір парызды, құлшылықты орындайды. Құрбандыққа шалынған малды әр мұсылман үшке бөледі. Бір бөлігін – өзіне, екінші бөлігін – туған туыстарына, үшінші бөлігін – жоқ-жітіктерге таратады. Құрбан айтта мұсылман мұсылманды қуантады. Бұл мейрам кезінде мұсылман жасаған барлық игі іс тек сауапқа жазылады. Үйге қонақ шақырып, дәм татқызу, туысқандарын зиярат етудің өзі үлкен ғибадат болып есептеледі. Бір-біріне сыйлық беріп, айттап қонаққа бару сияқты амалдар айт намазының мұсылман үшін маңызын арттырады, ауызбіршілігін көрсетеді. Сондықтан асыл дініміздегі әрбір құлшылықта үлкен мән-мағына бар», – дейді дінтанушы ұстаз.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

Ақтарылған ішек-қарын... астамшылық емес пе?

Кешкілік көршілерімізбен есік алдында әңгімелесіп отырғанбыз. Сөз арасында біреуі «базардағы малдың бағасы қанша екен?» дегені сол еді, біраз мәселенің ұшы көрінгендей болды. «Дәл Құрбан айт күні саудагерлер бағаны көтеріп жібереді» деп біреуі назын айтып еді, екінші біреуі «нарықтың заңы солай, бағаны нарық реттейді» деп, өзара дауласа кетті. Бағадан басталған әңгіме дәл Құрбан айт күні базарда ақтарылып, шашылып жататын ішек-қарынға ұласты.

«Бытыр Құрбан айт күні 45 мың теңгеге қой алып, құрбандық шалдық. Негізі, Құрбан айттан басқа уақыттағы қойдың бағасы 25 мың теңге болатын. Саудагерлер құрбандық шалуға қойылатын талаптарды ескеру керек сияқты. Олай дейтінім, құрбандыққа шалынатын мал 1 жасқа жеткен болу қажет. Бір жасқа толмаған күздік, қысқы тоқтыларды сата беретінін көрдім. Оның енді обалы кімге, күнәсі кімге? Қалалықтардың көбі малдың жасын біле бермейді. Сатушылар оны біледі. Алланың разылығы үшін жасалып жатқан сауапты іс болғандықтан, оны олай өз пайдасына пайдаланбау керек деп ойлаймын. Сол үшін саудагерлер құрбандыққа шалынатын малдарға қойылатын талаптарды ескеріп, саудасын адалынан жасаса, саудасы өтпейді емес, өтеді ғой. Әрі адал істің артында үлкен береке бар емес пе?!», – дейді Мәулен Лиясов.

Ал Қарлығаш есімді дәрігер көшеде ақтарылып жатқан ішек-қарынды көріп, «оның да адал ас екенін ұмытқандаймыз» деп біраз қынжылғанын айтып қалды.

«Құрбан айт кезінде көшедегі ақтарылып жатқан ішек-қарындарды көргенде обал-ай дедім. Айналасына шыбын-шіркей қаптап, иісі қолқаны алып кеткен. Антисанитария әрі ысырап. Мал сойдырып жатқан адамға керек емес шығар, бірақ Құрбан айтта ысырапқа жол бермеу керек қой. Егер құрбандықтың етін өзі жемей,



бәрін түгел тарқатып берсе, ішек-қарынды да етке қосып, беріп жіберген дұрыс болар еді. Сол жерде ішек-қарынды жуып-тазалап беретін адамдар бар. Жұмысына 500 не 800 теңге алады. Ішек-қарын да таза, адал тамақ. Құрбандық шалып тұрып, ысырапқа барудың сауабы қаншалықты деп ойланып қалады екенсің», – деген дәрігер ішек-қарын арам тамақ емес, біздікі әшейін оның ісінен жиіркену ғой. Біле білген адамға өте пайдалы ас. Ақшасы жоқ адам олай тамақты көшеге тастамайды. Бұл көрініс біздің қарнымызды ашып көрмегенді көрсетеді, тоқшылықтың салдары деуге болатын шығар деді.

Бытыр Құрбан айт күні Алтын Орда базарының маңында, жол бойында, көшеде дейсіз бе, мал сойылып жатқанын көргендер көп.

«Сол жерде бір шұңқыр бар екен, барлық ішек-қарынды сонда төгіп жатыр, бетін малдың терісімен жаба салған. Жанына жақындау мүмкін емес. Алғашқы күні базарда адам да көп, сауда да қызады, баға да құтырады. Қасапшыдан «дәретің бар ма, балам», десем, «жоқ» деп қарап тұр. «Басқа қасапшы жіберіңдер» деп жүріп, бір қойды сойдыртып, базардан әзер шыққанбыз», – деген Иманбек Қасымбаев қария «ысырапшылықтан, тамақты аяқ асты етуден қорықпайтын жастарға қарап қарным ашты. Құдайдан қорықпағаннан қорық деуші еді. Астамшылыққа кетіп қалған жоқпыз ба?», – деп бір күрсініп алды.

Арнайы call-орталық құрылды

Коронавирус инфекциясының өршуіне байланысты Алматы «қызыл аймақта» тұр. Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты Құрбан айт мерекесі бойынша барлық іс-шара онлайн форматта өтеді.

«Қалада коронавирус инфекциясының күрт өршуіне байланысты адам көп жиналатын іс-шараларды, оның ішінде ұйымдарда, сондай-ақ жекеменшік үй мен медреселерде айт намазын өткізуге тыйым салынады», – деді Жандарбек Бекшин. Ал Алматы қаласы Орталық мешітінің имамы Оспан Төлебидің айтуынша, күрделі эпидемиологиялық жағдайға байланысты қала мешіттерінде Құрбан айт намазы оқылмайды. «Айт намазының орнына үйде екі рәкат нәпіл намазын оқу ұсынылады», – деді имам.

Бас имамның айтуынша, құрбандық шалу рәсіміне өтінімдер 15-і мен 22 шілде аралығында сағат 14.00-ге дейін қабылданады.

«Биыл Алматы қаласында Құрбан айт мерекесі кезінде 1108 ұсақ және 50 ірі қара мал құрбандыққа шалынады деп жоспарлануда. Құрбандық еті 5545 мұқтаж отбасы мен 14 мекемеге бөлінеді», – деді О.Төлеби.

COVID-19 эпидемиясы жағдайында Құрбан айт мерекесін ұйымдастыру мәселелерін халыққа түсіндіру мақсатында Орталық мешітімен бірлесіп Call-орталықтың жұмысы ұйымдастырылды. Құрбан айтқа қатысты барлық сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласуға болады: 8 (727) 329-09-66, 8 778 382 88 36 немесе WhatsApp нөмірі бойынша – 8 775 475 00 83.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

«Ashyq» жүйесі енгізілуі мүмкін

Құрбан айт намазы қатаң санитарлық норма талаптарын сақтай отырып, «сары», «жасыл аймақтарда» мешіт аулаларында ғана оқылады. Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы осылай деді.

Биыл құрбан шалу рәсімі екі жолмен жүзеге асырылады. Бірінші, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары тарапынан рұқсат берілген жергілікті қасапханаларда санитарлық ережелерді қатаң сақтай отырып, «сары» және «жасыл аймақтарда» онлайн немесе офлайн форматта өткізіледі. Екінші, еліміздің «қызыл аймақтарында» шариғаттағы «өкілдік» қағидасына сәйкес, qurban2021.kz сайты арқылы тек онлайн-режимде жүзеге асырылады.

Бұл сайт 15 шілдеден бастап іске қосылып, Құрбан айттың үшінші күні, яғни 22 шілдеге дейін жұмыс істейді. Осы сайт арқылы мұқтаж отбасылар құрбандық етін алу үшін 17 шілдеден бастап өтініш білдіре бастаған. Мұқтаж жандарға құрбан малының еті Діни басқарма тарапынан жеткізіліп беріледі.

Сонымен қатар, Бас мүфти елдегі мешіттерге «Ashyq» жүйесі енгізілуі мүмкін екендігін айтты. Мешітке келетін жамағаттың қауіпсіздігі үшін діни басқарма мұндай жаңашылдықты құп көріп отыр.



Өткен аптадан бастап Алматының кіреберістерінде бекеттер қойыла бастады. Бұл Құрбан айт қарсаңында қаланың аумағына мал әкелмеу үшін жасалып жатқан шара.

Мұндай шектеулер шілденің 22-сіне дейін жалғасады. Шаһардың Бас санитар-

Сырттан мал кіргізілмейді

дәрігері Жандарбек Бекшин осыған қатысты тиісті Қаулы шығарды. Онда шілденің айт күндері ұйымдарда, жеке үй иеліктері мен медреселерде адамдар көп жиналатын іс-шаралар өткізуге тыйым салынған. Бұл айт намазына да қатысты. Сондай-ақ, Бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің қаулысына сәйкес, Алматы аумағында 19-ы мен 22 шілде аралығында мал сою цехы мен базарлардың жұмыс істеуіне тыйым салынған, малды автокөліктер мен жекеменшік үйлерде сатуға болмайды. Онлайн тапсырыс бергендердің құрбандығы Орталық мешітте шалынады.

Бетті дайындаған Әсел ДАҒЖАН



ДЕНСАУЛЫҒЫН ЖАҚСАРТЫП, ДЕНЕ БІТІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ

Біздің әріптес, танымал фотосуретші Жеңіс Ысқабай ағаштан ұлттық нақыштағы ойыншықтар жасайды. Қолөнер бұйымдары арқылы ол балаларды ұлы даланың дәстүрлерімен және мәдениетімен таныстырады.

Жеңісті ағаш ойыншықтар жасауға шабыттандырған оның ұлы Сафи. Ол ұлы үшін экологиялық таза материалдан алғашқы тербелетін атын жасап шығарады. Әкесінің қолынан шыққан сүйіспеншілікке толы ойыншық баланың коллекциясындағы ең сүйікті ойыншығына айналған.

– Менің үш балам бар. Сол кезде ең кішісі жеті айға толған еді. Дүкендерде сапасыз ойыншықтармен жиі кездестік. Сатып аласыз, тез бұзылып қалады. Содан мықты әрі дұрыс нәрсе жасағын келді. Осылайша алғашқы Жорғатай – тербелетін ат пайда болды, – дейді шебер.



көрген. Ол атасының өнеріне қызығып, үнемі бақылап жүреді екен.

– Атамның ер-тоқымды жонғанын, ағаштан қамшы жасағанын үнемі бақылайтынмын. Соның бәрін бойыма сіңіруге тырыстым. Енді өз білгенімді балаларыма беруге тырысамын, – дейді шебер.

– Кәсіпті дамытуға қандай да бір кедергі бар ма?

– Бар. Мұны үлкен бизнеске айналдыру үшін үлкен қаражат керек. Ағаштарды сатып аламын. Айта кететінім, бізде Қазақстанда ағаш жоқтың қасы, барлығы дерлік Ресейден келеді. Ойлаңыз, сырттан алынған заттар отандық өнім болмағасын, бағасы қашанда қымбатқа түседі. Осыған қарамастан алдағы уақытта қолға алған осы ісімді дамытсам деген ниет бар.

– Егер үлкен нарыққа шығып жатсаңыз, ойыншықтар өзін-өзі ақтайтынына сенімдісіз бе?

– Ақтайды, егер оның өнімі көп болса. Мысалы, мен әрбір затты жасағанда кем

«ЖОРҒАТАЙ» және «КУА-КУА» немесе ағаш ойыншықтардағы ұлттық нақыш

Тербелетін ат – баланың көңілін көтеріп қана қоймай, оның қалыптасуына, өсуіне, денсаулығына пайдасын тигізеді. Ол тренажердің бір түрі ретінде қызмет етеді, соның арқасында балалардың барлық бұлшықеттері жақсы жұмыс істейді, қан айналымы мен қалпы жақсарады.

Жеңістің баласына жасаған ойыншығын көрген туыстары оған тапсырыс бере бастайды. Содан соң ол өз туындыларының көпшілікке керек екенін түсініп, хоббиін дамытуға шешім қабылдайды.

БАРЛЫҚ БАЛА АТҚА МІНІП ӨСУІ ТИІС

– Барлық заманауи балалардың атқа міну мүмкіндігі бола бермейді, сондықтан мен балалар өздерін шабандоз ретінде сезініп, көп қозғалуы үшін, барлық уақытын телефонға үңілумен өткізбейтіндей Жорғатай жасап шығарамын деп шештім, – дейді қолөнерші.

– Қандай ойыншықтар жасайсыз?

– Біреуі жаңағы «жорғатай». Одан



дегенде он данасын дайындаймын. Және сұраныс көп болуы үшін балаларға қызықты қылып, әрі сапалы етіп шығарамын. Нарыққа шығу үшін мұның тағы бір жолы бар. Егер мына сызбаларымды Қытайға апарып, жасатсам, маған үш-төрт есе табыс әкелуі мүмкін. Бірақ оның сапасына кепілдік бере алмаймын. Бүгінде көптеген ірі кәсіпкерлер тауарларын шет елде жасатады. Яғни бағасы арзан болғасын, солай тиімді. Ал біздің елде барлығы қымбат. Өзім де өнімдерімнің құны өте жоғары екенін білемін. Дегенмен, оның сапасы соған сай.

– Суреттеріңіз секілді, қолдан жасаған бұйымдарыңызды біреуге тегін беріп жіберген кездеріңіз болды ма?

– Сыйға тартқанды жақсы көргенмін. Бірақ ағаш жону күні-түні еңбек етуді талап етеді. Сондықтан қандай жағдай болсын, оның еңбекақысы болуы заңдылық. Әрине, жақын тұтқан адамдарға сыйлаған кезім болды. Жалпы, мен дүниеге қызықпайтын адаммын. Ақша қашан келеді? Егер тынбай еңбек етсең, дүниенің өзі-ақ соңыңнан жүгіреді. Мен соған сенемін. Ал фотография маған осы жолда көмектеседі. Қолымнан шыққан заттарды суретке түсіріп, жарнама жасаймын.

– Фейсбуктағы парақшаңыздан байқап қалдық, балалар ойнайтын аулардың сынған жерлерін өз еркіңізбен жасап жүр екенсіз.

– Бір күні аулаға шығып, балалар ойнап жүрген алаңды барып едім, сынып жатқан дүниеге көзім түсті. Үйдің жергөлесінде жұмыстан қалған бірнеше ағаш материал

түстім. Сонымен қатар, «игөгөк» деген төртінші түрі бар. Түгелдей ағаштан жонылып жасалатын бұл ойыншық көбіне жасқа толмаған немесе еңбектеп жүрген сәбилерге арналған.

Біз жас кезімізде таяқты ат қылып, ары-бері ойнақтап шабатынбыз. Біз атпен солай таныстық. Қазіргі балаларға неге оны бастан кешірмексе, неге оларға импровизацияланған атпен ойнамасқа? Балалар неғұрлым көп қозғалса, соғұрлым олар үшін жақсы болады. Егер ойыншық атты

«Бір күні фотоклубтағы бір әйел «Алматы ақшамы» газетіне фототілші керек екенін айтып, менің сонда баруымды нұсқады. Бас редакторымен келісіп, онда үш жыл жұмыс жасадым. Кейін Алматы облысына ауысқанымда бұрынғы әріптестерім (журналистер) «сен кетіп едің, бізді ешкім суретке түсірмейді, шоколад бермейді» дегені бар. Неге десеңіз, «Алматы ақшамында» жүргенімде жиналыс немесе бір шара болсын, міндетті түрде елдің барлығын жалпылама суретке түсіретінмін. Кейін «Қазақстан» шоколадын сатып алып, оларға суреттерімен қосып апарып беремін. Сол себеп болған шығар, елдің берген батасы бар, журналистер мені биікке көтеріп тастады».



кейінгісі «дігідік-дігідік» деп аталады. Есіңізде ме, бала кезімізде шыбық сындырып, оны бұттың арасына салып, жүгіріп ойнаушы едік қой. Бұл соның дамыған үлгісі. Мұның ерекшелігі сол, таяқтың ұшында шынайы атқа ұқсайтын басы бар.

Ал «куа-куанын» атқаратын функциясы көп. Ол өзі әткеншек, кері айналдырсаң көпір. Керек десеңіз, баламызбен үйде шағын футбол ойнасақ, қапқа да болып бере алады. Алғашында мен мұны интернеттен көріп, кейін дизайнын жетілдіре

«Жеңісті Жеңіс қылған, менің суретті елге тегін таратқаным. Ол уақытта Бәйкен Әшімов, Кеңес Аухадиев, Бибігүл Төлегенова, Сағадат Нұрмағамбетов және Кәукен Кенжетасевтармен өте жақын араластым. Үйлерінде бір дастарханда отырған кездерім де көп болды. Неге? Өйткені, ол кісілерді фотоға түсірдім бе, бірден үйіп-төгіп суреттерін апарып беретінмін. Ешқандай ақы алмаймын (күледі). Сонда коммерция дегенді, шығын шығып кетті-ау дегенді ұқпайсың ғой. Аңқылдаған ауылдың баласы болғандығымнан шығар, осындай әрекетке барарсың. Сондағы мақсатым – жұрттың батасын алу. Сөйтіп жүріп, 2005 жылы фото әлеміне кіріп кеттім. Нәтижесі міне, жаңағы кісілердің шын пейілімен берген баталары, айтқан алғыстары мені көгертті».

аударып қойса, ол имек таяққа айналып шыға келеді, – дейді ойыншық шебері.

Жеңіс Ысқабайдың қолынан шыққан бұйымдар өте берік және пайдалы, ең бастысы, балалар үшін қауіпсіз. Ойыншық аттың бірі 150 келіге дейінгі салмаққа төтеп бере алады.

– Мен жаңа ештеңе ойлап тапқан жоқпын. Мұндай ойыншықтар 200 жыл бұрын болған. Мен суретші ретінде ұлттық ойыншықтар туралы идеяны өз дизайныммен ұштастырып, қолөнершілердің дәстүрінде жалғадым. Бар қалауым – балалардың ұлттық ойыншықтарды жақсы көргені, дәстүрді білгені және құрметтегені, – деп жүрекжарды тілегін жеткізді.

Жеңіс ағаш өнерін бала кезінен жақсы

болатын. Сонымен әлгі сынған жерді қатырып тұрып жасап кеттім. Енді қираса, ол емес, басқа жері сынуы мүмкін. Себебі, қалың ағашпен қаптап, оның үстін маймен сырлап тастадым. Егер ағаш осылай сырланса, ол төзімді болады.

Біз бір ғана нәрсені ұғуымыз керек. Ол алаң кім үшін? Әрине, балалардың игілігіне жасалған дүние. Мемлекет сынған жерді күнде келіп, жөндеп бере алмайды ғой. Мен мұнымен нені көрсеткім келді? Яғни әр ата-ана өзінің баласы үшін осындай жағдайларда үнемі қолұшын созуы керек.

Әңгімелескен
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.



ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

«КЕШТЕУ ШАУЫП, ЕРТЕ ОЗҒАН»

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай және белгілі қылқалам шебері Сейсенхан Маханбетовтың мерейтойына байланысты ұйымдастырылған «Ұлы дала дастаны» атты жеке шығармашылық көрмені тамашалау барысында кейіпкердің өзімен де тілдестік.
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Көркемсурет академиясының академигі, Халықаралық «Тұран» сыйлығының лауреаты Сейсенхан Маханбетов туындылары тарих тереңінен сыр шертеді.

Мәдениет туралы заңымызда бейнелеу өнері қарастырылмаған деген әңгіме болған. Енді ғана заңға өзгертулер енгізіп, бейнелеу өнерінің, жалпы шығармашылық одақтардың жандануына әрекеттер жасалып жатыр. Кез келген өнерді бағалап, кәсіби түрде жан-жақты зерттейтіндер – өнертанушылар. Бізде қазір азулы өнертанушылар жетіспейді.

Мысалы, әдебиетте бір-біріне сын айта алатын сөзге жүйрік сыншылар көп. Сондықтан олардың еңбегі халықтың көз алдында насихатталады. Ал суретшілер



Өзім журналист болғандықтан байқаймын, әлі де ұлттық өнерді жан-жақты зерттеп, терең мақалалар жазатын журналистер өте аз. Осы орайда ұлттық мәдениетті танытуға БАҚ ықпалды болуы керек.

Мен бірнеше жыл Венгрия, Минск, Германияда тұрып, әлемнің көптеген елін араладым. Барған елдердің музейлерінде болып, бейнелеу өнерімен таныса жүрдім. Әрине, бұл өнердің әдіс-тәсілдерін шет елден алып, үйренетін тұстары бар. Бірақ әрбір суретші, әрбір өнер адамы ең алдымен өз халқының

көрменізді тамашалады. Елімізде жеке суретшінің бүкіл Қазақстанды аралап, кең ауқымды көрме өткізуі бұрын-соңды болмаған екен. Жалпы, осы көрменің маңызы мен ерекшелігіне тоқталып өтсеңіз?

– Иә, мұндай тақырыпта елімізде әлі күнге дейін кең көлемде көрме болмаған екен. Ол туралы маған замандастарымның «Әй, Сейсенхан, мұндай қошеметті, мұндай қолдауды кезінде Қастеевтер де көрген жоқ» дегені есімде. Расымен, көрме Мәдениет министрлігі назарына ілігіп, жоғары деңгейде өтті. Бұл көрме негізі түркі әлемінің астанасы Түркістанда бастау алып, қасиетті Тараз қаласында жалғасын тауып, әдебиет пен мәдениеттің ортасы Алматыда да ашылды. Алдағы уақытта Талдықорған қаласының өнерсүйер тұрғындарына да паш ету көзделуде. Басында тек пейзаж жанрын қозғадым. Соңында барлық жанрда өз күшімді сынап көрдім. Қазір байқап отырған шығарсыз, портрет те бар, натюрморт та, тарихи, пейзаждық, философиялық туындылар да бар.

Көрмедегі әр туындының астарында тәуелсіздікке жету жолындағы оқиғалардың ізі жатыр. Басты ерекшелігі де осы. Мысалы, қазақ хандығын құру, оның қалыптасуы жайлы «Жәнібек, Керей хандардың Шу бойына келуі» картинасы немесе «Кенесарының Ақмола бекінісін алуы», «1937 жыл» деген сияқты тарихи картиналар жасауға бейнелеу өнерінде ешкім бойламаған көрінеді. Көрмеге тәуелсіздік жылдарынан сыр шертетін 60-тан астам көркемөнер туындыларым қойылды. Руханият бағытындағы шынайы еңбек бұл кейінгі буын өкілдеріне қалдырар үлкен мәдени мұра деп ойлаймын.

**Сұхбаттасқан
Айым НҰРМАН.**



– Аға, сізді «Алматы ақшамы» газетінің алғашқы шығарушыларының бірі ретінде де танымыз. Негізгі мамандығыңыз – журналист, ал суретшілікке қалай келдіңіз?

– Кішкентайымнан газет-журнал десе, ішкен асымды жерге қоятын едім. Ауылда «Қазақ әдебиеті» газетіне жазылған жалғыз отбасы біз болатынбыз. Одан бөлек, Мәскеуден келетін мәдени басылымдарды сүйіп оқыдым. Сол кезден-ақ мәдениетке, өнерге қызығып, әсіресе осы суретшілерге байланысты материалдарды қиып алып, өзімше тікпе жасайтыным бар еді.

Жас кезде жастық жігер жалындап тұрады. Білімге, өнерге «аш», құштар болдық. Суретші де, журналист те, режиссер де, әнші де болғым келді. Соның ішінде журналистикаға бейімірек болғандықтан, осы салаға бойлады. Журналист болсам да сурет өнерінен қол үзген емеспін. Мақала жазсам да мәдениет пен өнерге байланысты тақырыптарды қозғап, маған рухани серпіліс беретін ортадан алыстамадым. Жазып қана қоймай, басылымдардың макетін сызуға, иллюстрациялар жасауға араластым. Қай қызметте істесем де, жұмысымды ертерек аяқтап, бос уақытымды бірден сурет салуға арнайтынмын.

– Бейнелеу өнерімен кәсіби түрде қашаннан бері айналысыңыз?

– «Кештеу шауып, ерте озған» деген сөз бар. Бұл өнерді мен 50 жасты еңсеріп барып қана қолға алсам да, көп ұзамай нәтижесін берді. Өнерімнің шыңдалып, қалыптасуына оқу бітіргеннен кейін ауылға қайтпай, қалада қалғаным да ерекше әсер етті. Алматы – мәдени орталық қой. Қалада ұйымдастырылатын көрменің бірін қалдырмай, Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген суретшілермен таныса жүрдім. Өртүрлі

жанрдағы туындыларға тамсанып, қандай бағытта кімнің мықты екенін саралап, өнерде болып жатқан жаңалықтардан хабардар болып отыратыным. Өйткені, өнерге деген ішкі дерт жанымды үнемі мазалайтын. С.Романов, Ю.Шығай, М.Аманжолов, К.Муллашев, С.Айтбаев, Ж.Шарденов, Б.Түлкіев сияқты атақты суретшілермен қоян-қолтық араласып, сағаттап әңгімелесуден жалыққан емеспін. Бірақ бұл өнерге кеш келдім. Тек 2010 жылдан бастап қана шеберхана ашып, кәсіби түрде кірістім.

– Біздің елдегі бейнелеу өнерінің даму деңгейі туралы айтыңызшы, аға? Көңіліңіз тола ма?

– Өнер ешқашан тоқтап қалған емес. Елімізде небір керемет дүниелер салып жүрген қылқалам шеберлері көп. Бірақ көзге көрінбейді. Еңбегі еленбестен тасада қалып жатқандары да кездеседі. Осы мәселеде мемлекет тарапынан жасалатын қолдаудың орны ерекше. Оларды елге танытып, насихаттайтын, кім алда келеді, кімге әлі де іздену керек деген сияқты, өнерге баға беру қазір тоқтап қалды. Кезінде тіпті



сөзден гөрі іске жақынырақ. Олар суда жүзетін балық сияқты. Өз өнерінде, өз әлемінде ғана жақсы жүзеді де, жағаға шыкса, үні шықпай қалады. Бейнелеу өнері – өз алдына үлкен дария. Бірақ сурет салады екенмін деп, шектен тыс шет елге еліктеуге болмайды. Бұқаралық ақпарат құралдары да шет елдің өнерін танытуға әуес.

дамуына, өз елінің мәдениетіне үлес қосуға тиіс. Сондықтан менің ұстанымым – жан-дүниеммен беріліп тұрып өз еліме қызмет етіп, таныла білу, ұлттық өнерде өзіндік із қалдыру. Әрі басқаларға да осыны үлгі етемін.

– Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған «Ұлы дала дастаны» атты шығармашылық

ЭКОТӘРБИЕ

Мектеп жанындағы жылыжай



Рая
ЕСКЕНДІР

Алматыда жаңа жобаның тұсауы кесілді. Болат Өтемұратов қорының тікелей қолдауымен елімізде «Жасыл мектептер» жобасы іске қосылды.

Арнайы ұйымдастырылған іс-шара барысында алғашқы сөз кезегін Болат Өтемұратов қорының директоры Марат Айтмағамбетов алып, жобаның бірінші кезеңі Алматыда басталып, 16 мемлекеттік мектепте жылыжай ашылғанын айтты. Сәтін салса, алдағы екі жылда жобаға Нұр-Сұлтан және Шымкент қалалары да қосылып, тағы 40 жылыжай орнатылмақ.

«Жасыл технологиялар мен экологиялық ойлау, бұл – біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналатын жаһандық тренд. Сондықтан ерте жастан бастап балалардың бойына экологиялық тәрбиені



сіңіріп, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға үйрету өте маңызды. Жалпы, еліміздің жасыл қорын сақтау саласындағы жобаларды іске асыру тұрғысында біздің қордың бай тәжірибесі бар. Біз 2020 жылы Алматының ботаникалық бағына ауқымды түрде қайта жаңғырту жүргіздік. «Жасыл мектептер» жобасына біз өсімдік шаруашылығы мен агрономия саласындағы үздік сарапшыларды, сондай-ақ Алматы облысының органикалық ауыл шаруашылығымен айналысатын фермерлерін тартып отырмыз.



Ендігі мақсатымыз – жобаның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жылыжайлардағы сабақтарды болашақта мектеп бағдарламасына енгізу», – деді Болат Өтемұратов қорының директоры Марат Айтмағамбетов.

Жетісу ауданының әкімі Гүлнар Көкебаева аудан көлемінде бастау алған жобаның өте маңызды екеніне тоқталып, сенімді ақтауға сөз берді.

Сонымен, Алматыдағы алғашқы мектеп жылыжайы Жетісу ауданының «Көкжиек»

ықшамауданында орналасқан №177 мектепте ашылды. Осы бағдарлама үшін 3 жылға шамамен 2 миллион АҚШ доллары қарастырылған. Барлық жылыжайлар тамшылатып суару, жылыту және жарықтандырудың заманауи жүйелерімен жабдықталған. Өсімдіктердің биосинтезі мен өсімдіктерді күтіп-баптауын, олардың өсуін жақсартатын және өнімділігін арттыратын көк және қызыл диодтары бар ұзындығы 60 метр фитоленттер жарығы пайдаланылады. Қыста көкөніс пен жидек дақылдарының қатып қалуына жол бермеу үшін инфрақызыл жылытқыштар орнатылып, топыраққа жылыту кабелі төселген. Жылыту және жарықтандыру жабдығын кабель арқылы берілетін электрмен жұмыс істейді, барлық кабельдік желілер қорғалған, гофрленген құбырға салынып, байланыстырушы элементтер тармақталған қораптармен қорғалған.

Ең бастысы, күннің қызуын пайдалану арқылы электр қуатын үнемдейді. Сонымен қатар, жылыжайларда жұмыс істеу мектеп бағдарламасын практикалық сабақтармен толықтыруға мүмкіндік береді. Бұдан былай мұғалімдердің қызықты факультативтік сабақтар өткізуіне мүмкіндік туары сөзсіз. Оқушылар көкөніс, жидек, көк шөп өсірумен қатар, оларды мектеп командалары арасындағы демонстрациялық жобалар мен байқауларда қолданатын болады.



COVID-19: АҢЫЗ ЖӘНЕ АҚИҚАТ



Негізгі бағыт – мектеп пен үй арасы

Әлеуметтік желілерде ел тұрғындары мектеп автобустарын сатып алу туралы жаңалықты талқылап жатыр. Кейбір желі пайдаланушылардың пікірінше, көлік балаларды ата-анасының келісімінсіз эвакуациялау үшін пайдаланылмақ-мыс. Бұл – жалған мәлімет.

Жеңілдетілген шарттармен 515 мектеп автобусын сатып алу туралы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов биыл маусым айының соңында мәлім еткен болатын. Бірақ бұл хабарды естігенде ата-аналардың бәрі бірдей қуанған жоқ. Өйткені, instagram-да «бұл автобустар балаларды сабақтан алып кету үшін қажет, ал ата-анаға баласының қайда екені айтылмайды. Бұл оларды COVID-19-ға қарсы вакцина алуға мәжбүрлеу үшін жасалады» деген пікір тарады. Көпшілік анық-қанығына жетпей, соған сеніп қалған. ҚР Білім және ғылым министрлігі бұл болжамдарды жоққа шығарды. Ведомство өкілдері кейбір балаларға мектепке жету қиын болғандықтан, жана автобустар сатып алу қажеттілігі туындағанын хабарлады.

– Балалардың қауіпсіздігі оларды мектепке және үйге тегін тасымалдау арқылы қамтамасыз етіледі. Бұған 21 мыңнан астам білім алушы мұқтаж, олар үшін 758 автокөлік тасымалы қамтамасыз етілген. Соңғы үш жылда автобус паркі 203 көлікке жаңартылды. Бүгінгі таңда автокөлік сатып алу қажеттілігі әлі де сақталып отыр. Бұл мәселені шешу үшін мектептерді автобустармен қамтамасыз ету жөніндегі Жол картасы аясында автобус паркін жаңарту жоспарланған, – деп хабарлады ҚР БҒМ баспасөз қызметінен.

Мектеп автобустары балаларды мектепке және мектептен үйге жеткізу үшін ғана пайдаланылмақ.

Магниттік қасиеті бар бөлшек жоқ

Telegram каналында COVID-19-ға қарсы вакциналанған адамдар тәжірибеге қатысушы болып табылатыны туралы хабарлама тарады. Автордың айтуынша, вакцина салдырғандардың бәріне бірдей металл заттар жабыспайды-мыс.

Хабарлама авторы вакцинаның ешқайсысы сынақтан өтпеген және мақұлданабаған деп мәлімдейді. Шын мәнінде, бүгінгі күні кем дегенде бір елде бірнеше вакцина мақұлданып отыр. Вакциналардың клиникалық сынақтарының нәтижелері ашық дереккөздерде жарияланды. Мысалы, «Спутник V» вакцины 60 жасстан асқан адамдарда да сыналды. Ал Pfizer/BioN-Tech және Moderna препараттары жүкті әйелдер үшін де қауіпсіз деп танылды.

– Кейбір адамдарға вакцинаның орнына плацебо егілетіні де шындыққа жанаспайды. Екпені алуды магнит сияқты металл заттарды тарту арқылы тексеруге болмайды. Вакциналар құрамындағы магнит бөлшектер туралы болжамдар бірнеше рет теріске шығарылған. Вакциналарда магниттік қасиеттері бар бөлшектер жоқ, – делінген stopfake.kz хабарламасында.

Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

Коронавирус та бизнеске айналды



Рая
ЕСКЕНДІР

«Ебін тапқан екі асайды» демекші, адам тағдыры талқыға түскен шақта қиындықтың да «қызығын» көріп жатқандар бар екен.

Жақында ғана Алматы қаласында киелі Меккеге қажылық ұйымдастырған туристік фирманың 143 қажыға вакциналау туралы жалған анықтама бергені белгілі болды. Көп ұзамай турфирмаға тінту жасалып, ғимарат ішінен құжат жасаған техника, мөрлер, бланкілер тәркіленді. Қазір тиісті мекеме қызметкерлері турфирмаға қатысты іс қозғап, сотқа дейінгі тергеу жұмыстарына кірісті. Ақыры еліміздегі бедел алған заңсыздықтың соңы турфирманың Сауд Арабиясымен байланысын үзуіне алып келді. Сонымен қатар, бұдан былай бұл турфирманың жұртшылықты қажылыққа Меккеге апара алмайтыны белгілі болды. Жалпы, еліміз бойынша екпе науқаны басталғалы бір емес, бірнеше мәрте заңбұзушылық орын алды. Осыған орай, тиісті органдар алаяқтарға алданып, жалған жолмен жүрмеу керектігін әлі де қатаң ескертеді. Жалған құжат жасағандар мен оны сатқандар Қылмыстық

Қол – инфекцияға себепкер

Қолды жиі жуу мен антисептиктерді белсенді қолдану коронавирустық инфекциямен ғана емес, сонымен қатар бірқатар басқа аурулармен, соның ішінде ЖРВИ және тұмау, конъюнктивит, дизентерия, ротавирустық инфекция, гельминтоз, сальмонеллез, іш сүзегі, А гепатитімен күресте тиімді әдіс болып табылады. Өйткені, аталған аурудың бәрі дерлік адамға қолы арқылы жұғады. Бұл қалай болады?

Адам күні бойы қолымен бет-аузын бірнеше рет ұстайды. Әрі кез келген нәрсені қолымен ұстап таниды. Ол әсіресе, қоғамдық орындарда қауіпті. Өйткені, оны оған дейін сырқаттанып жүрген біреу ұстап кетуі мүмкін. Мәселен, қоғамдық көліктерде жан-жағымызды ұстап алып, сөмкемізді ашып, ішінен ақша алуымыз мүмкін немесе телефонымызды ұстауымыз мүмкін. Сол кезде қолымызға ілескен вирусты өзіміз барлық жерге үлестіріп жібереміз.

Сондай-ақ, лас қолдар беттегі безеу мен терідегі қабыну процестерін тудыруы мүмкін. Сондықтан ең тиімді әдіс – қолыңызды мүмкіндігінше жиі сабынмен жуу. Көптеген өндірушілердің

ассортиментінде бактерияға қарсы әсері бар арнайы сабын түрлері бар. Сабын тандағанда, соған мән беріңіз. Олар триклозанның белсенді компонентіне байланысты антибактериалды және антифунгициалды функцияларға ие болады екен. Сабын ретінде мұндай өнім өзінің барлық негізгі міндеттерін орындайды: сергітеді және тазартады, қолдың терісіндегі бактерияларды жояды.

Қалта антисептигі, әдетте, тасымалдауға ыңғайлы қаптамада болады. Ондағы этил немесе пропил спирті – патогендік бактериялар мен микробтардың негізгі жауы. Өнім бактериялардың 99,9 пайызын жоя алады, теріні құрғатпайды, аллергия тудырмайды, шаюды қажет етпейді және ондағы күтім компоненттеріне байланысты жиі қолдануға рұқсат етілген. Бүгінде өндірушілер сергітетін хош иісі бар антисептиктер желісін жасайды және оған қызықты дизайн ойлап табады. Әрі оларды кезкелген дәріханалардан, супермаркеттер мен қаладағы дүкендерден қолжетімді бағамен сатып алуға болады.


Қол жууды тұрақты әдетке айналдырайық, ал қалтадағы немесе сөмкедегі антисептик жол жүру картасы секілді міндетті атрибутқа айналсын. Ол қай кезде болсын қауіпсіздік үшін маңызды.

Әзірлеген А.НӨЛДІБЕКОВА.

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ!»

Жібек ҚОЖАХМЕТОВА,
қала тұрғыны:



– Көптеген ел екпенің пайдасын көре бастады. Оның ішінде Израиль мен Ұлыбритания елдерін ерекше атап өткен жөн болар. Ол жақта көпшілік орындарда бетперде тағуды, карантиндік талаптарды жеңілдетті. Бұрынғыдай қалыпты өмірге оралып жатқанын көруге болады. Біз де олардан қалыс қалмай, халық болып екпе ектіруге белсенділік танытсақ. Бірауыздан ұжымдық иммунитет қалыптастыратын едік. Алайда, кейбір пысықайлар әлеуметтік желілерден жағымсыз хабарлар таратып, екпе ектіруге ниетті адамдардың санасын ұлап жүргенін көреміз. Екпе – адам денсаулығын вирустан қорғайтынын, аурудың жеңіл өтуіне септігін тигізетінін ұмытпауымыз қажет.

Медет ДӘУЛЕТҰЛЫ,
Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің 3-курс студенті:



– Отандастарымыз ойлап тапқан «QazVax» вакцинысын адамдарға салып сынап жатқанын естіп, алғашқылардың бірі болып сынақтан өттім. Вакцинаның екі компонентінен де денсаулығымда кері әсер байқалмады. Керісінше, өзімді қалыпты сезіндім. Тіпті, екпеден кейін тұмау тисе де жеңіл өткердім. Үйдегі ата-анам, бауырларым да «QazVax» екпесінің екі бірдей дозасын қабылдады. Біз – еліміздің жас өрендерінің еңбегіне, ғылымға қосқан үлесіне қолдау білдіретін отбасымыз. Менің ойымша, әрбір қазақстандық еліміздің ғалымдарын қолпаштап, құрметтеуі қажет. Сонда ғана олардың еңбектері көзге көрініп, әлемдік аренада топ жаратын болады.

Әзірлеген
А.ТҮРЛЫҒАЗЫҚЫЗЫ.

Райынан қайтты



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ



Шаһарда коронавирусқа қарсы егілетін вакцинаға наразы адамдар қаланың мемлекеттік Бас санитар-дәрігері Жандарбек Бекшинмен кездесуге барған.

Бас санитар-дәрігер жиналған қауымды мегаполистегі жұқпалы аурулар ауруханасының біріне шақырды. Ж.Бекшин оларға ауыр наукастар ем алып жатқан реанимация бөлімшесін аралатып, сұхбатты сол жерде жалғастыруды ұсынды. Наразы топтың ішінен жұқпалы аурулар ауруханасының «қызыл аймағына» кіруге тек үшеуі ғана келісімін берді. Қаржауов Құдабай, Шардаров Сәкен мен Қараев Асылбек госпиталь қызметкерлерімен және наукастармен тілдесті.

«Бүгінде осы аурухананың реанимация бөлімшесінде жатқан наукастардың 100%-ы вакцинаға қарсылық білдіргендер екен. Біраз адам осында антиваксерлердің кері ақпарат тарату кесірінен түскен. Мен екпеге қарсы адамдардың індет жұқтырған наукастармен медицина қызметкерлеріне дәл бүгінгі сәт қаншалықты ауыр екенін өз көздерімен көргенін қаладым», – деді Ж.Бекшин.

Алматының Бас санитар-дәрігері аурудың өршуі мутацияланған «дельта» штамының таралуымен, сондай-ақ санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың, соның ішінде бетперде режимінің сақталмауымен, адамдардың бұқаралық іс-шараларға жиі қатысатындығымен байланысты екенін айтты.

Вакцинаға қарсылық білдіріп жүрген азаматтар ауыр халде жатқан наукастарды өз көзімен көріп, өз ойларын өзгертті. Олар антиваксерлердің айтқандарын тыңдамау қажет екенін, керісінше, БАҚ, әкімдік таратқан ресми ақпараттарға құлақ асу қажет екендігін түсінді.



«ҚЫЗЫЛ» мәртебесі бар 65 адамға айыппұл салынды



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматыдағы эпидемиологиялық ахуал ушығып тұр. Бұл вакцина алмаған және бұрын ауырмаған тұрғындардың коронавирус инфекциясының «дельта» штамын жұқтыруымен байланысты болып отыр. КВИ-дің одан әрі таралуын болдырмау жөніндегі қалалық штаб отырысында ахуалды тұрақтандыру іс-шаралары қаралды.

Қаланың Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті таратқан мәліметке сүйенсек, шаһарда жыл басынан бері КВИ жұқтырған 65 878 науқас тіркелген. Өткен 2 аптада алдыңғы 2 аптамен салыстырғанда коронавирус дерті 2,6 есеге артқан, тәуліктік өсім 1%-дан жоғары. 1–18 шілде аралығында індет жұқтырған 10 093 жағдай тіркелген.

Ауру жұқтырғандар санының бұлайша көбею себебі белгілі – 18 маусымнан бастап қалада «дельта» тарала бастады. Мамандар пікірінше, ол өте жұқпалы әрі тез тарайды, клиникалық көріністері тым ауыр. Соңғы 7 күнде «симптомды» пациенттердің үлес салмағы бұрынғы 7 күндегі 88%-дан 90%-ға дейін өскен.

Қалалық СЭБД-ның мамандары КВИ жағдайы бойынша алдағы 3 айға, 30 қыркүйекке дейін санитарлық-эпидемиологиялық ахуалдың дамуына болжам жасады. Базалық болжам бойынша дерттің шарықтау шегі 3-4 тамызға тура келеді әрі бір тәулікте індетті 1600-ге жуық адам жұқтыруы мүмкін. Пессимистік болжам бойынша дерттің шарықтау шегі 10-11 тамызға тура келеді, 1900 жаңа жағдай тіркелуі ықтимал.

Базалық болжамға сәйкес 5–5,5 мың төсек-орын пайдаланылады, ал пессимистік болжамның шарықтау шегі бойынша 6–6,5 мың төсек-орынға артуы мүмкін. Демек, базалық сценарий бойынша шілдеде – 27,5 мың, тамызда – 34,5 мың, қыркүйекте – 4,5 мың КВИ жағдайы, ал пессимистік болжамға сәйкес шілдеде – 29 мың, тамызда – 49,5 мың, қыркүйекте – 13,5 мың жағдай тіркелуі мүмкін.

Мектеп оқушыларының офлайн оқуын қамтамасыз ету үшін мониторинг жұмыстары жүргізілуде және мұғалімдер

вакцина алуда. Бүгінде ұстаздардың 97%-ы екпенің 1-ші компонентін, 67,9%-ы 2-ші дозасын алды.

Сондай-ақ, медициналық қызметкерлердің 97,3%-ы 1-ші компонентпен, 67,3%-ы 2-ші компонентпен вакциналанды.

Соңғы 2 аптадағы коронавируспен ауырғандардың жас құрамын талдау балалар мен жасөспірімдерде вирустың «дельта» нұсқасының тез жұғатынын көрсетті. Бұл орайда 14 жасқа дейінгі балалардың үлес салмағы 1%-ға өскен. Ал 20 жастан 40 жасқа дейінгі азаматтардың дерт жұқтыруы төмендеді, 39%-дан 37,5%-ға дейін. 40–59 жастағы науқастардың үлес салмағы да жоғары – 25%. Ал 60 жастағы адамдар арасында жұқтырғандардың үлесі 1,1%-ға өскен.

Соңғы 7 күнде КВИ жиі жұғатын жерлерді атап кетсек, сауда нысандарынан – 40%, қоғамдық көліктерден – 20%, отбасылық байланыс арқылы – 19%, базарлардан – 16%.

Алматыда 2282 қатысушы «Ashyq» жобасы бойынша жұмыс істейді. 100 қатысушы – осы жобаның көшбасшысы. 26 сәуір мен 14 шілде аралығында 211 «жауапсыз қатысушы» жобадан шығарылды.

9–14 шілде аралығында «Ashyq»-та сканерлеу кезінде «қызыл» мәртебесі бар 31 адамға өзін-өзі оқшаулау режимін бұзғаны үшін 30 АЕК мөлшерінде айыппұл салынды. Жалпы алғанда, 28 сәуір мен 14 шілде аралығында өзін-өзі оқшаулау режимін бұзғаны үшін «қызыл» мәртебеге ие 65 адамға 30 АЕК көлемінде айыппұл салынды.

Тәртіпбұзушылар көбінесе қоғамдық тамақтану орындарына кіруге тырысады, мұнда 58 адамнан «қызыл» және 13 адамнан «сары» мәртебе анықталған. СОСО кіреберісінде 28 адамның «қызыл» және 110 адамның «сары» мәртебесі белгілі болды. «Қызыл» 9 адам Алматы әуежайына кірмек болған. Сондықтан КВИ-дің одан әрі таралуын болдырмау жөніндегі қалалық штаб амбулаториялық емделіп жатқан қала тұрғындарын өзін-өзі оқшаулау режимін бұзбауға және қоғам алдында азаматтық жауапкершілік танытуға шақырады. Вирус жұқтырған адамдармен байланыста болған тұлғалар өзін-өзі оқшаулау режимін сақтауы және басқа адамдарға жұқтырмас үшін адамдар көп жиналатын орындарға бармаулары тиіс.

ЦИФРЛАНДЫРУ

МОНИТОРИНГ НЫСАНЫ

автоматты түрде анықталады



Алматыда карантиндік шаралардың сақталуын бақылайтын мониторинг топтарының жұмысы цифрландырылды. Бұдан былай Алматының мониторинг топтары жаңа цифрлық шешіммен жұмыс істейтін болады. Бұл мониторингтік топтар жұмысының ашықтығын цифрлық шешімдерді енгізу арқылы арттыруға мүмкіндік бермек.

Алматыда «дельта» үнді штамының айналымы салдарынан коронавирус инфекциясын жұқтырғандар саны өсуде. Алматы «қызыл аймақта». Мегаполисте қала тұрғындарының денсаулығын сақтау мақсатында адамдардың көп жиналуын және қайта жұқтыруды болдырмау үшін шектеу шаралары күшейтілді. Мониторинг топтар өз кезегінде шектеулердің сақталуын бақылайтын болады.

Жұқтырудың алдын алу тетігін жетілдіру аясында коронавирус инфекциясының таралуын болдырмау жөніндегі Қалалық штаб қалалық прокуратурамен және «Атамекеннің» өңірлік палатасымен бірге мониторинг топтарының жұмысын цифрлық форматқа көшіру туралы шешім қабылдады.

Алматыда мониторинг топтарының жұмысын цифрландыру жұмыс қорытындысы туралы мәліметтерді өңдеу мен тіркеу сапасын жақсарттады. Мәселен, Алматы қаласы бойынша мониторинг топтарын бақылау модулі мониторинг топтарының жұмысын нақты уақыт режимінде бақылауға және өзекті талдауларды енгізуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде тексерушілердің қай нысандарға жиі баратыны, рейдтік бағыттар режимінің сақталуы және т.б. туралы ақпарат қолжетімді болады. Сонымен қатар, мегаполис прокуратурасында атап өткендей, мониторинг топтарының жұмысы тек осы модульді қолданған кезде ғана заңды болады.

Енді мониторинг топтарының кәсіпкерлерге келуі дереу жазылатын болады, базаның өзі электронды жазбаларды жүргізеді. Платформа мониторинг нысанының мекенжайын жайын автоматты түрде анықтайды. Кәсіпкердің қатысуымен барлық идентификацияланған тәртіп бұзушылығы, қабылданған шаралар көрсетілімі жазылған шаблон толтырылады.

Еске салсақ, мониторинг топтары бизнес субъектілерін бес талап бойынша тексереді:

- жұмыс режимін сақтау;
- көптеген адамдармен іс-шаралар өткізу;
- әлеуметтік арақашықтықты сақтау;
- бетперде режимін сақтау;
- келушілер санының лимитін сақтау.

Мониторингтік топтардың заңсыз әрекеттері мен шешімдерінің барлық фактілері бойынша кәсіпкерлер прокуратураға 8 701 775 55 00 нөмірі арқылы хабарласа алады.

Алматыда 40 мониторинг топ қарқынды жұмыс жүргізіп келеді. Жыл басынан бері 3195 тексеру жүргізілді, 30 279 нысан қамтылды, карантин шараларын бұзған 2682 нысан анықталды. Жеке және заңды тұлғаларға жалпы сомасы 350 млн. теңгеден асатын 4730 хаттама толтырылды. Соттарға 75 материал жіберілді (462-бап, 3-бөлім және 425-бап, 1-бөлім бойынша), оның ішінде 64 материал бойынша шешім қабылданды. Өткен аптада 12–17 шілде аралығында 829 нысанның карантин шараларын сақтауы тексерілді, 78 нысанның бұзушылығы анықталды. Демалыс күндері, 16–18 шілде аралығында Алматы қаласы бойынша 27 заңды тұлғаның заң бұзғаны белгілі болды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

kazinform
CORONAVIRUS2020.KZ

ВАКЦИНАЦИЯҒА ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

ВАКЦИНАЦИЯ АЛДЫН АЛА ЖАЗЫЛУ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛЕДІ:

EGOY
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ
ПОРТАЛЫ АРҚЫЛЫ

DAMUMED
МОБИЛЬДІ
ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ

ӨЗ ЕМХАНАҢЫЗҒА
ТЕЛЕФОНМЕН ҚОҢЫРАУ
ШАЛУ АРҚЫЛЫ

© «АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАРДЫҢ АҚПАРАТ АГЕНТТІГІ 2021 жыл WWW.KAZINF.RU МЕЖДУНАРОДНОЕ ИНФОРМАЦИОННОЕ АГЕНТСТВО «КАЗИНФОРМ» 2021 ГОД © Дит Сметовс Ж.

**ВАКЦИНАЦИЯДАН КЕЙІН
ИММУНИТЕТ ҚАШАН
ҚАЛЫПТАСАДЫ?**

Алғашқы иммундық жауап бірінші доза егілгеннен кейін 12-14 күннен соң қалыптаса бастайды

Тұрақты иммунитет екі дозамен де вакцинацияланған жағдайда 1-1,5 айдан кейін қалыптасады

Антиденелер түзілетін бүкіл кезең ішінде барлық сақтық шаралары сақталуы қажет – бетперде тағып, әлеуметтік қашықтықты сақтаңыз

CORONA
VIRUS2020.KZ
kazinform



АУДАН ӘКІМДЕРІНІҢ НАЗАРЫНА!

ГҮЛ СОЛЫП, КӨШЕТ ҚУРАМАСЫН ДЕСЕК...

Алматы көшелерінің нағыз гүл-кілемге айналар тұсындағы мынадай көңілсіз көріністерді өз басым биыл бірінші көруім. Шіліңгір шілдеде жапырақтардың уақытынан ерте үзіліп, сарғайып жерге түскеніне қарап, құдды бір күз келгендей күй кешуге болады. Дегенмен, бұл көрініс мен үшін ғана емес, бүкіл қала халқы үшін де күтпеген жағдай болса керек.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Шіліңгір шілдеде күз келгендей...

Дәл қазіргі уақытта қаланың біраз көшелері мен саябақтары, жол жиегіндегі көгалдар суға шөліркеп тұрғаны рас. Көзге көрініп тұрған көріністі қала өміріне бей-жай қарай алмайтын белсенді алматылықтар ойларын әлеуметтік желілер арқылы ортаға салып, қураған жасыл-желекке алаңдаушылық білдіруде. Тақырыпқа орай танымал тұлғалар да үнсіз қалған жоқ.

Белгілі жазушы-публицист Марат Тоқашбаев ағамыз «Қазақстан» қонақүйінің артқы жағындағы Кіші Алматы өзені деп аталатын шағын парктің бүгінгі көрінісіне көңілі толмайтынын айтып, пікір білдірген-ді.

Марат Бәйділдаұлының айтуынша, өткен жылы саябақта тәп-тәуір жөндеу жұмыстары жүргізілген. Кейін тіпті абаттана түскен. Алайда, сол Медеу ауданына қарайтын парк, өкінішке қарай соңғы үш-төрт айдан бері қараусыз жатыр. «Тек түнге қарай гүл клумбалары суарылғаны болмаса, саябақты күтіп-баптап жатқан жан жоқ. Қысқасы, саябақтан сән кетіп барады. Қарағай көшеттері (суретте) қурап кетті. Қайың, терек, қарағаш сусап тұр. Жапырақтары бүрісіп қалды. Әдетте бұл жерде ағаш жапырақтарын қазан, қараша айларында тастайтын. Биыл міне, шілде басталмай жатып бүкіл жапырақ төгіліп түсті. Медеу ауданы әкімдігінің тиісті қызметтері көгалдандыру жұмысын ұсақ-түйек деп екінші планға ысырмай, жедел түрде осы паркті суаруды, күтіп-баптауды қолға алуы керек», — дейді қаламгер ағамыз.

Аталмыш саябақтың дәл ортасында композитор Шәмші ағамыздың ескерткіші қойылғандықтан, жұртшылық оны «Қалдаяқов паркі» деп те атайды. Саябақ шын мәнінде өте бір жақсы демалыс орны. Дәл қасынан Тереңкүр өтеді. Әсіресе,

ДАБЫЛ ҚАҒАМЫЗ, ШҰҒЫЛ ШАРА КЕРЕК!

Аптап ыстықтың салдарынан ба, әлде суару жұмыстары жүйелі жүргізілмегендіктен бе, әйтеуір Алматының жасыл желегі биыл жылдағыдай жай-қалып тұрған жоқ. Көп жерлерде жанадан отырғызылған тал-теректер қурап, көгалдар сарғайып жатыр



сол маңайда тұратын тұрғындар мен қала меймандары үшін бұл мекеннің орны ерекше. Саясында демалып отыру бір ғанибет! Өкініштісі де сол, қазір осы әдемі бақтан әр кетіп тұр.

Суға шөліркеген саябақтар

Рас, бұл сын бір Медеу ауданына ғана айтылған сөз емес.

Мұндай немқұрайды көзқарас, қураған тал-терек пен көгал қаланың барлық аудандарында бар.

Қала басшысы Бақытжан Сағынтаевтың бастамасымен қолға алынған Алматыны дамытуға бағытталған қаншама шара бар?! Қаланың көркеюі жалпыға ортақ мәселе екенін ескерсек, мұндай ауқымды іске көп болып кірісудің маңызы зор.

Жасырып-жауып қайтеміз, Алматыда былтыр күзде отырғызылған ағаш көшеттерінің қурап жатқанына бүкіл ел куә. Мәліметтерге сүйенсек, жергілікті билік былтыр шаһар көшелерінің бойына 65 мың ағаш отырғызған. Бүгінде әлгі егілген көшеттердің жартысынан көбі қурап қалды. Бұл жағдайға қала тұрғындарының алаңдаушылық танытуы да заңды құбылыс деуге болады. Әлеуметтік желілерде жүктелген суреттердің барлығы дәл осы қурап жатқан ағаштарға байланысты. Мәселен, Түрксіб ауданына қарасты «Жас қанат» ықшамауданында тұратын Айткүл есімді зейнеткер апайымыз: «Бір мезгіл аулада серуендегіміз келеді. Тіпті, мына орындықтарда жұпар исі аңқыған гүлдерге қарап сүйсініп, әңгіме-дүкен құрғанға не жетсін! Алайда, мына гүл клумбаларына қарасам жаным ауырады. Уақытылы суармаудың салдарынан қурап, солып, жоқ болуға шақ тұр», — деп суреттерін жүктепті.

Алматылықтар, жалпы, соңғы уақытта суғаруға арналған субұрқақтардың да қосылмайтынын байқап жүргенін айтуда. Мендіқұлов бульвары, Гагарин даңғылы мен Радостовцев көшесі аралығындағы Ганди саябағы, Ботаника бағы, Есентай өзені жағалауы секілді көпшілік үшін жайлы демалыс орындары саналатын саябақтардың барлығы дерлік суға шөліркеп тұрғаны анық.



Суару жүйесінің жұмысы кемшін

Байқасаңыз, алматылықтардың бар тілегі — ыстық күндері ағаштарға ерекше күтім жасап, оларды уақытылы суаруды қолға алса екен дейді. Олар тендер ұтып аларда «аспандағы айды алып беруге» даяр тұратын мердігерлердің уәдесінде тұрмайтынына ашулы. Аудан әкімдіктерінің бұл бағыт бойынша жүйелі жұмысты талап ете алмай отырғанына өкпелі. Десек те, қалың көпшілік ағаштардың қурап, гүлдер мен көгалдың сусап тұрғанына қаладағы суару жүйесінің дұрыс жұмыс істемейтіндігі себеп деп отыр. Аптап ыстық та «жығылғанға жұдырық» болып, жасыл желектің жайқалуына кедергі келтіріп тұр. Бірақ бәрінен бұрын, мегаполистің жасыл қорын сақтауға міндетті мамандардың нағыз керек кезде үнсіз жатқанына не жорық дерсіз? Айтып-айтпай не керек, дәл қазіргі уақытта Алматының жасыл желегіне ерекше күтім қажет. Өйткені, қаланың барлық аймағында жапырақтары сарғайып, бұталары сидиып тұрған көшеттер көп. Уақытылы су ішпеген соң қайтсін, гүлдер де солып барады. Қала көркіне сән беретін саябақтар да аянышты күй кешуде.

ТҮЙІН:

Ел болып, бірігіп істеген жұмыстың игілігі мол. Алматының жасыл желекке оранып, гүлмен көмкерілуі барлығымызға ортақ мәртебе. Оның үстіне, көгалдандыру жұмыстары айналаға әсем көрініс беріп, шудан, күннен, шаңнан қорғайтын ерекше қасиетімен құнды. Ендеше, егілген ағаштарды одан әрі күтіп баптау жұмыстарына көп болып көңіл бөлейік. Ал тиісті сала мамандары «ектік, болды» деп емес, «өзіміз еккен көкжелектерге өзіміз бас-көз болайық» деп жұмыс істесе дейміз. Неге десеніз, жасыл желекті қалпына келтіру қазіргі таңдағы кезек күттірмейтін өзекті мәселе болып тұр.

#QAZAQSTAN30



Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...



Нұрбек ҚАЗЫБЕК,
Техникалық реттеу және метрология комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің бас маманы:

— Тәуелсіздік — бірінші кезекте тарих. Ықылым заманнан емін-еркін көшіп-қонып ғұмыр кешкен халық

үшін тәуелсіздіктің, оның ішінде елі мен жерінің, тілі мен дінінің бостандығы тарихтың қай кезеңінде де қажеттілігі айқын болған. Тіпті, «қазақ» сөзінің мағынасы ежелгі түрік тілінде «еркін, тәуелсіз адам» дегенді білдіреді екен. Ғасырлар бойы тәуелсіздікті аңсап, қанын төгіп, жанын берген ата-баба арманының орындалуының бірден-бір дәлелі — тәуелсіз Қазақстанда туып-өскен мен және менің құрдастарым. Жастардың үздік оқып, жақсы қызмет істеуі, мемлекетіміздің экономикалық әл-ауқатының көтерілуіне пайдасын тигізуі ата-баба еңбегінің ақталуы деп түсінемін. Мен үшін тәуелсіздік — ана тілімде, туған жерімде «тәуелсіз еліммен мақтан етемін» деп айта алу.



Назым НҮРЖАНҚЫЗЫ,
Қазак ұлттық Қыздар педагогикалық университеті химия ғылымының докторанты:

— Тәуелсіз ел болғанымызға өте үлкен разылықпен қараймын. Тәубе! Бала кезімде атам үнемі өз тарихымыз туралы айтатын. Шежіремізді тарқатып түсіндіретін. Ылғи жанында жүретінмін. Ақыл-кеңесін зердеме тоқуға тырысатынмын. Ер жетіп, ел-жұрт қадірін ұғынасын. Жауапкершілік артылып келе жатқанын сезінесін. Атам бақи дүниеге аттанғалы 10 жылдан асты. Мен болсам, атамның өсиеттеріне адал болғым келеді. Егемендік

алғаннан кейін 5 жылдан соң дүниеге келіпін. Туған елге деген сүйіспеншілік білім ошағының қабырғасында жүргенде пайда болды. Әсіресе, 16 желтоқсанға байланысты көрініс қоятынбыз. Желтоқсан оқиғасына қатысып, ел азаттығы мен дербестігі жолында жазаға ұшыраған аға-әпкелерімізді сахналайтынбыз. Мұғалімдер сол жағдайға байланысты кейіпкерлермен кездестіретін. Міне, сол кездерден бастап өз жерімізге деген сүйіспеншілік артты. Тарихтан, әдебиет пәнінен беретін ұстаздар Алаш арыстары жайында жиі әңгімелейтін. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтай дарынды, ұлтжанды аталарымыздың халыққа сіңірген ерен еңбегін айтып отыратын. Қазақтың азаттығы жолында жанын қиған Кенесары ханның оқиғасын айтқанда, кеудені ерекше сезім кернейтін. Осылай біртіндеп, халқымыздың бай этно-фольклорлық мұраларын біліп жетілдік. Бүгінде ата-баба аманатын іске асыратын жасқа келдік. Меніңше, әркім өз саласының майталманы болса, даму деген — сол.



Тұрсынәй ӘЛІБЕКҚЫЗЫ,
жетігенші, «Alatau ansamble» жетекшісі:

— Тәуелсіздік — мен үшін ең бірінші еркіндікті еске түсіреді. Кез келген адамның, ұлттың, халықтың еркіндігі. Сонымен қатар, тәуелсіздік менің салам үшін еркін, ешқандай шектеусіз музыкамен, өнермен айна-

лысу. Бар ынта-жігеріммен еркін шығармашылықпен айналысу. Қазіргі таңда мен «Алатау» дәстүрлі өнер театрында жетігенші болып қызмет атқарамын, әуезді әуен арқылы халқымыздың бай мұраларын шетелдіктерге танытып жүрмін. Қазақ халқының осы күнге дейін дәріптеп келген жетігені әуелінде жеті ішекті аспап болып танылған. Оның шанағы бітеу ағаштан шабылса, ішектерінің астына қой асығы тиек ретінде қойылып, аспаптың құлақ бұрауы сол асықтарды қозғалту арқылы келтірілетін. Міне, тарихы тереңге біткен киелі аспап бүгінде киелі сахналарымызда ойналып, талайды тамсандырып, жүрегінен орын алуда. Тәуелсіздік ата-бабамыздың жанымен алынғандықтан, қазіргі жастар тәуелсіздіктің түп-тамырын, мағынасын түсіне білу керек. Тәуелсіз өмір — нағыз бақыттың кепілі.

Әзірлеген Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.



Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығы» МКК (бұдан әрі – Мекеме) байқау кеңесі, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Бәсенов көшесі, 2 А, тел.: +7 701 674 45 80, E-mail: zau8686@mail.ru, Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының басшысы – директоры бос лауазымына ҚР ДСМ 27.05.2020 ж. №ҚР ДСМ-58/2020 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау саласындағы Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органының немесе алқалы атқарушы органы басшысының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшының бос лауазымына конкурс өткізу қағидаларына сәйкес өткізеді.

Конкурсты өткізу орны: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Бәсенов көшесі, 2 А

Кәсіпорынның негізгі қызмет саласы туралы қысқаша мәліметтер:

- алғашқы медициналық-санитариялық көмек;
- жоғары технологиялық медициналық көмек;
- мамандандырылған медициналық көмек;
- медициналық реабилитация.

Лауазымдық міндеттері:

Кәсіпорының өндірістік, қаржы-шаруашылық қызметіне басшылық жасайды, қабылданатын басқарушылық шешімдерге, Кәсіпорын мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуына, сондай-ақ қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне жауапты болады.

Білуі керек:

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы,

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексі,

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексі,

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі,

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Өкімшілік құқықбұзушылық туралы» Кодексі, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы,

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы;

Қазіргі заманғы басқару қызметінің стратегиялық және ұйымдастырушылық аспектілері;

Денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлы-экономикалық және қаржылық қызметінің негіздері;

Басқарудың экономикалық әдістері және ұйым қызметін талдау;

Медициналық қызметтер нарығының конъюнктурасы;

Денсаулық сақтаудағы адам ресурстарын басқарудағы үздік тәжірибелер;

Халық денсаулығының жай-күйін сипаттайтын статистиканы, өлшемшарттар мен көрсеткіштері;

Отандық медицинаның заманауи ғылыми жетістіктері; денсаулық сақтауды басқарудағы үздік халықаралық тәжірибе;

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитариялық және өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары мен нормалары;

Төтенше жағдайлар кезінде қызметті ұйымдастыру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

«Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білім және «Қоғамдық денсаулық сақтау», «Денсаулық сақтау менеджменті» мамандығы бойынша қайта дайындық туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік санаттарын беру туралы куәлік; немесе «Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білім және (немесе) «Бизнес, басқару және құқық»; немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру «Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша және (немесе) «Бизнес және құқық»; немесе MBA executive немесе full time дәрежесі; денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификатының болуы; тиісті мамандық бойынша жоғары санатының болуы; басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл; медициналық қызметті (дәрігерлік практиканы) жүзеге асыру үшін – кәсіби құзыреттерінің болуы: дәрігердің біліктілігіне (бейні бойынша) бірінші (жоғары) біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкестігі, клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификаты.

Конкурсқа қажетті құжаттар:

- 1) конкурсқа қатысуға өтінім;
- 2) еркін нысандағы өмірбаян;
- 3) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 4) еңбек кітапшасының көшірмесі (бар болса) немесе еңбек келісім-шарты, үзінді көшірме, еңбек шартын қабылдау немесе тоқтату туралы бұйрықтар немесе жұмыс тәжірибесін растайтын басқа құжат;
- 5) 086/у формасындағы денсаулық туралы анықтама, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. бұйрығымен бекітілген 2010 жылғы 23 қарашада №907 «Алғашқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы денсаулық сақтау ұйымдары «(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 нөмірімен тіркелген);
- 6) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің соттылығының жоқтығы туралы анықтамасы.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби дайындық деңгейіне қатысты қосымша ақпараттар ұсына алады (біліктілікті арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттардың көшірмелері, ғылыми жарияланымдар, сонымен қатар басшылықтың алдыңғы жұмыс орнынан берген ұсыныстары және т.б.).

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдар құжаттарды электронды түрде конкурс жариялаған Кәсіпорынға құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін электрондық пошта zau8686@mail.ru. жібереді.

Құжаттардың түпнұсқалары әңгімелесу басталғанға дейін бір сағаттан кешіктірілмей тапсырылуы керек. Егер олар ұсынылмаған болса, адамға сұхбаттасуға жіберілмейді.

Құжаттарды қабылдаудың басталу күні конкурс туралы хабарландыру жарияланған күннен басталады және ресми бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күннен кейін аяқталады. («Вечерний Almaty», «Almaty aqshamy» газеті).

«Lemon Lombard» ЖШС 2021 жылы 30 шілде күні сағат 09.00-де, Алматы қ., Әуезов к-сі, 181, 17-пәтер мекенжайы бойынша кепіл мүлкін (бұрын пайдалануда болған зергерлік бұйымдар) сату бойынша сауда-саттық өтетінін хабарлайды. Өтінімдерді 2021 жылғы 29 шілде сағат 18.00 дейін: Алматы қ., Әуезов к-сі, 181, 17-пәтер мекенжайы бойынша немесе lemon@lmon.kz электрондық пошта арқылы жолдауға болады. Сауда-саттықты Голландтық әдісі бойынша өткізіледі. Бағаны өзгерту қадамы – 10% Сауда-саттық туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«Lemon Land Lombards» ЖШС 2021 жылы 30 шілде күні сағат 09.00-де, Алматы қ., Төле би к-сі, 251 А, мекенжайы бойынша кепіл мүлкін (бұрын пайдалануда болған зергерлік бұйымдар) сату бойынша сауда-саттық өтетінін хабарлайды. Өтінімдерді 2021 жылы 29 шілде сағат 18.00-ге дейін: Алматы қ., Төле би к-сі, 251 А, мекенжайы бойынша немесе land@lmon.kz электрондық пошта арқылы жолдауға болады. Сауда-саттықты Голландтық әдісі бойынша өткізіледі. Бағаны өзгерту қадамы – 10% Сауда-саттық туралы қосымша ақпаратты +7 707 205 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

КАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!



«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 292-74-21; 8 (727) 292-74-62.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 292-74-21; 8 (727) 232-36-56.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

2021 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бес айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY»

жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді **almaty-akshamy.kz** сайтынан да оқыңыздар!

«Alatay Aqparat» ЖШС ұжымы журналист, әріптесіміз **Данабек Юсупұлы БИМЕНОВТІҢ** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛІМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPU00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.



«ҚАЗАҚСТАНДА ӘРКІМ МАҢЫЗДЫ!»

Елімізде осы ұран аясында ұйымдастырылатын жалпыұлттық халық санағы 2021 жылдың 1 қыркүйегі мен 30 қазаны аралығында өтеді

Санақты өткізу процесін автоматтандыру және оған заманауи сандық технологияларды енгізу – 2021 жылғы Ұлттық санақтың басты жаңалығы.

Биыл азаматтарға сауалнама парақтарын онлайн-режимде өз бетінше толтыру немесе үй-үйді аралау кезінде офлайн-режимде санаққа қатысты барлық сұрақтарға жауап бере алады.

1 қыркүйектен бастап sanaq.gov.kz арнайы сайты жұмысын бастайды. Мұнда қазақстандықтар 15 қазанға дейін онлайн-режимде санаққа қатысты барлық сұрақтарға жауап бере алады.

Дәстүрлі жалпы аралау 1–30 қазан аралығында жүргізіледі және ол белгіленген мерзім ішінде санақтан онлайн-режимде өтпеген респонденттер арасында жүргізілетін болады. Бұл кезеңнің жаңашылдығы – интервьюерлердің үй аралау кезінде электронды планшеттерді пайдалануы болмақ. Бұл санақ жүргізетін қызметкерлердің еңбек шығынын төмендетуге, мәліметтер сапасына адам факторының ықпалын азайтуға, ЖСН-ін енгізе отырып, санақ мәліметтерінің нақтылық деңгейін арттыруға, қағаз бен кеңселік құралдарды айтарлықтай үнемдеуге, сондай-ақ, интервьюерлер үшін қолайлылық пен олардың жинақылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Санақ кезінде мәліметтер жинау үшін сәйкестендіргіш ақпарат ретінде сауалнамаға қатысушының ЖСН-і қолданылады. Бұл ақпараттың қайталануын болдырмауға мүмкіндік береді.




ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Санақ сұхбатшысы (интервьюер) туралы қосымша ақпаратты sanaq.gov.kz сайтынан қарауға болады. Онда сұхбатшының тегі, аты, әкесінің аты және оның куәлігінің нөмірі көрсетілген тізім республика бойынша орналастырылған. Сонымен қатар, мобильді және стационар телефондары үшін бірыңғай нөмірі 1446 және 8 8000 800 878 call-орталығына қоңырау шалу арқылы ақпарат алуға болады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ САНЫ ҚАНША?

Еліміздің Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, 2021 жылғы 1 маусымда мемлекетіміздегі халық саны **18 миллион 984 мың 800 адамға** жеткен. Оның ішінде қала-лықтар – 11 миллион 237 мың (59,2 %), ауылдағылар – 7 миллион 747 мың 800 (40,8%) адам. Бұл 2020 жылғы 1 маусымдағы халық санынан 249 мың адамға (1,3%) көп.



2021 жылғы қаңтар-мамыр айларында еліміздің тұрғындарының табиғи өсімі 4,4 %-ға өсіп, 115 мың адамды құрады. 2020 жылдың дәл осы мезгіліндегі көрсеткіш 106,8 мың адам еді. 1000 тұрғынға шаққандағы табиғи өсімнің жалпы коэффициенті – 14,18.

2021 жылғы қаңтар-мамыр аралығында елімізге 3662 адам келіп, 9862 адам елден кеткен. Миграция сальдосы – 6200 адамды құрады.

АНИМАЛДЫ ТЕРАПИЯ

Олар адаммен кездескенде қатты қуанады



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Суда әдемі қылық көрсетіп, әлсін-әлсін су бетіне секіріп шығатын сүйкімді су жануарын кім қызықтағысы келмейді? Жүзі мейірімді, көзі мөлдір ол жанына жақындаған адамды тілсіз түсіне алады. Ертегілер мен фильмдер, аңыз әңгімелер арқылы жүректен орын алған ол көпке көңілді, ақкөңіл жануар ретінде танымал. Сондықтан болар, жұртшылық баласын да дельфинге сеніп тапсыра алады, онымен жүзуге рұқсат береді.

Оның түрлі ойынын қызықтаған адам психологиялық күйзелістен арылып, көтеріңкі көңіл күйге қол жеткізеді. Ал «тіл табысқан» адам шаршағанын ұмытып, ойлау қабілеті жақсарады, дағдарыс жағдайында тез әрі дұрыс шешім қабылдай алатын болады.

Осы ретте ғалымдар көне замандағы ескі әдістерді жаңғыртуды қолға алған. Қазіргі таңда анималды терапия дамыған елдерде дәлелденген. Сондай-ақ, хайуанаттардың адамға әсерін бақылап, зерттейтін арнайы ғылыми-зерттеу институттары да құрылған. Осыған сай халықаралық конференциялар мен семинарлар өткізіліп отырады. АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Франция елдерінде физикалық немесе психикалық проблемалары бар адамдарға көмек беру үшін анималды терапиямен айналысатын ұйымдар жұмыс істейді.

Ем қалай жүреді? Біріншіден, психикалық күш пен жан тыныштығын қалпына келтіру, стресс және шаршауды алып тастау орын алады екен. Сондықтан ауыр психологиялық жарақатқа ұшы-



раған, жер сілкінісі, дауыл, жазатайым оқиғалардан және басқа да ауыр стрестен зардап шеккендерге де дельфинмен жүзу ұсынылады. Мамандардың пікіріне сүйенсек, дельфиндермен байланыста болған адамның миы қарқынды жұмыс істей бастайды, ерекше жаңа нейрондық байланыстар пайда

болады. Екіншіден, ол адам мен дельфин арасындағы ұқсастықты тануға мүмкіндік береді. Сенесіз бе, дельфин мен адамның қан мен дене температурасы, төрт камералы жүрегі, ми салмағы ұқсас көрінеді. Тіпті, ол дәлелденіп қойыпты. Кейбір ғалымдар дельфин мен адамдардың жалпы туыстығы бар

деп ойлайды. Сондықтан олар адаммен кездескенде қатты қуанады.

Бала дельфинмен бет-бет келсе, бірден қорқынышын жойып, оған жақындағысы келеді екен. Өйткені, жануар оның ойын оқып, қорқынышын жеңуге көмектеседі. Жалпы алғанда, аутизм, церебральды пара-



лич, олигофрения, Даун синдромы, әртүрлі ми жарақаты сияқты аурумен ауыратын балалардың ата-аналары дельфинмен емдеуге жиі барады. Бұл тұста балалар мамандардың қатысуымен дельфиндермен тілдесе алады. Ойын айтып, тілегін жеткізеді. Тіпті, мүлде сөйлемейтін баланың өзі су жануарының алдында ашылып қоя береді екен. Олар созылмалы шаршау (астриндік синдром), бұлшықет астениясы, посттравматикалық синдром, ақыл-ойдың артқа қалуы, катерлі ісік, депрессияға көмектеседі. Тіпті, есту қабілеті нашар балалар дельфиндерді естиді, өйткені олар тек дыбыстарды ғана емес, сонымен бірге ультратыбыстарды да шығарады. Дельфинмен ойнау, қарым-қатынас жасай алатынын түсіну кемшілігі бар балаларды үлкен қуанышқа бөлейді. Дельфиннің үстінде церебральды ауруы бар балалар да өз еркімен аяқтарын жылжытуға тырысады. Күрделі психотрубама алған балалар күліп, көңілденеді. Демек, анималды терапияның ұтар тұсы көп.

P.S. Қаламызда «Немо» дельфинария орталығы бар. Онда көпшілікке Юми мен Катя есімді дельфиндер өнер көрсетеді. Теңіз айдынында жүзген әрбір әртіс жеке дара, әрқайсысының өз мінезі мен қалауы бар. Оларды көрерменмен біріктіретін дүние – шынайы қуаныш, риясыз достық және шынайы махаббат!

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

- Дельфин адамның ішкі құрылысын көре алады. Мысалы, ол әйелдің жүктілігін бірден анықтайды.
- Дельфиндердің апатқа ұшыраған кемелердегі адамдарды құтқарғандығы туралы көптеген оқиғалар белгілі. Тіпті, оларды акулалардан қорғаған. Ақула дельфиннен қорқады, өйткені оның ұзын

мұрнымен акуланың қорғалмаған қарнына жасаған соққысы өлімге әкелуі мүмкін.

- Туғаннан кейін кішкентай дельфиннің терісінде шаш болады. Бірақ біраз уақыттан соң түсіп қалады.
- Ежелгі Грекияда дельфинді өлтірген адам өлім жазасына кесілетін.